

Мазмұны:

- 1-бап. Жалпы ережелер
- 2-бап. Сақтанушы. Сақтандырылған тұлға. Пайда алушы
- 3-бап. Сақтандыру объектісі
- 4-бап. Сақтандыру тәуекелдері
- 5-бап. Сақтандыру жағдайларынан шеттетулер және сақтандыруды шектеу
- 6-бап. Сақтандыру сомасын айқындау тәртібі
- 7-бап. Сақтандыру сыйлықақысы
- 8-бап. Франшиза
- 9-бап. Сақтандыру шартын жасасу тәртібі
- 10-бап. Сақтандыру шартының қолданылу мерзімі мен орны
- 11-бап. Тараптардың құқықтары мен міндеттері
- 12-бап. Сақтандыру шартының қолданылу кезеңінде сақтандыру тәуекелінің ұлғаюының салдары
- 13-бап. Сақтандыру жағдайы басталған кездегі сақтанушының іс-қимылы
- 14-бап. Сақтандыру жағдайының басталғанын және шығындардың мөлшерін растайтын құжаттар тізімі
- 15-бап. Сақтандыру төлемін жүзеге асырудың тәртібі мен шарттары
- 16-бап. Сақтандыру төлемі немесе сақтандыру төлемінен бас тарту туралы шешім қабылдау мерзімі
- 17-бап. Сақтандырушыға шығындардың орнын толтыруға деген сақтанушының құқықтарының өтуі (суброгация)
- 18-бап. Сақтандыру шартын тоқтату шарттары
- 19-бап. Қосымша шарттар
- 20-бап. Даулар шешу тәртібі
- №1-қосымша
- №2-қосымша
- №3-қосымша
- №4-қосымша

1-бап. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1. Осы ережелердің шарттарына сәйкес «Евразия» сақтандыру компаниясы» акционерлік қоғамы (бұдан әрі – Сақтандырушы) заңды және жеке тұлғалармен (бұдан әрі – Сақтанушы) тұрғызылатын құрылыс объектілерін, құрылыс-монтаж жабдықтарын, техниканы, материалдарды, өзге мүлікті, сонымен қатар құрылыс алаңында пайдаланылатын құрылыс пен монтаж нысанын, сондай-ақ Сақтанушының құрылыс-монтаж, іске қосу-реттеу жұмыстарын орындау кезінде үшінші тұлғалардың өміріне, денсаулығына және мүлкіне келтірілген зиян үшін жауапкершілігін сақтандыру шарттарын (бұдан әрі – сақтандыру шарттары) жасасады.
2. Құрылыс-монтаж жұмыстарын сақтандыру шарты бойынша Сақтандырушы шартпен белгіленген сақтандыру сыйлықақысы үшін сақтандыру шартында көзделген сақтандыру жағдайы басталған кезде Сақтанушыға немесе сақтандыру шарты пайдасына жасалған өзге тұлғаға (Пайда алушыға) сақтандыру шартымен айқындалған сақтандыру сомасы шегінде сақтандыру төлемін жүзеге асыруға міндеттенеді.

2-бап. САҚТАНУШЫ. САҚТАНДЫРЫЛҒАН ТҰЛҒА. ПАЙДА АЛУШЫ

1. Сақтанушы – тапсырыс беруші, бас мердігер, субмердігер, құрылыс (монтаж) объектісін сатып алушы және т.б. болып табылатын заңды немесе жеке тұлға. Сақтандыру шартымен бірнеше сақтанушы айқындалуы мүмкін.
2. Сақтандыру шартының қолданылу кезеңінде заңды тұлға болып табылатын Сақтанушы қайта ұйымдастырылған жағдайда, осы шарт бойынша оның құқықтары мен міндеттері Сақтандырушының

келісімімен сақтандыру аумағының ұлттық заңнамасында айқындалған тәртіппен тиісті құқықмирасқорға өтеді.

3. Жеке тұлға болып табылатын Сақтанушы сақтандыру шартының қолданылу мерзімі ішінде қайтыс болған жағдайда, осы сақтандыру шарты бойынша оның құқықтары мен міндеттері Сақтандырушының келісімімен сақтандыру аумағының ұлттық заңнамасында айқындалған тәртіппен Сақтанушының мұрагерлеріне өтеді.

4. Сақтандыру шартында өзгеше көзделмесе, Сақтанушы бір мезгілде Сақтандырылған тұлға болып табылады.

5. Сақтанушы сақтандыру шартында үшінші тұлғаны Сақтандырылған тұлға ретінде айқындай алады. Бұл жағдайларда сақтандыру объектісі ретінде Сақтандырылған тұлғаның мүліктік мүдделері болады.

6. Сақтандырылған тұлға пайдасына сақтандыру шартын жасасу Сақтанушыны сақтандыру шарты бойынша міндеттерін орындаудан босатпайды.

7. Сақтанушы сақтандыру шартын жасасу кезінде кез келген тұлғаны Пайда алушы ретінде тағайындауға хақылы.

8. Сақтанушы сақтандыру жағдайы басталғанға дейін сақтандыру шартында көрсетілген, Сақтандырылған тұлға болып табылмайтын Пайда алушыны басқа тұлғамен ауыстыруға, бұл туралы Сақтандырушыға жазбаша хабарлай отырып хақылы.

9. Пайда алушы сақтандыру шартынан туындайтын, Сақтанушымен жасалған келісімнен туындайтын белгілі бір міндеттерді орындаған немесе Сақтандырушыға сақтандыру төлемін жүзеге асыру туралы талап қойған соң, басқа тұлғамен ауыстырыла алмайды.

10. Үшінші тұлғалардың өміріне, денсаулығына немесе мүлкіне зиян келтіруден туындайтын міндеттемелер бойынша жауапкершілік тәуекелін сақтандыру кезінде Сақтанушының өзінің немесе осындай жауапкершілік жүктелуі мүмкін өзге тұлғаның жауапкершілік тәуекелі сақтандырылуы мүмкін. Мұндай тұлға сақтандыру шартында аталуы тиіс. Егер бұл тұлға сақтандыру шартында аталмаса, Сақтанушының өзінің жауапкершілік тәуекелі сақтандырылды деп есептеледі.

11. Зиян келтіру үшін жауапкершілік тәуекелін сақтандыру шарты, шарт Сақтанушы немесе зиян келтіруге жауапты өзге тұлға пайдасына жасалған болса немесе шартта кім пайдасына жасалғаны айтылмаған болса да, зиян келтірілуі мүмкін тұлғалар пайдасына жасалды деп есептеледі.

12. Зиян келтіру үшін жауапкершілік тәуекелін сақтандыру шарты бойынша Сақтанушыдан өзге тұлғаның жауапкершілігі сақтандырылған болса, Сақтанушы кез келген уақытта бұл тұлғаны басқасымен ауыстыруға, бұл туралы Сақтандырушыға жазбаша хабарлай отырып хақылы.

13. Сақтандыру шартында Сақтанушы мен Сақтандырушының сақтандыру практикасында қабылданған кез келген өзге шарттарда сақтандыруды жүзеге асыру туралы келісімі ескертілуі мүмкін.

3-бап. САҚТАНДЫРУ ОБЪЕКТІСІ

1. Сақтандыру объектісі – Қазақстан Республикасының заңнамасына немесе құрылыс-монтаж жұмыстары жүргізілетін елдің ұлттық заңнамасына қайшы келмейтін, Сақтанушының (Сақтандырылған тұлғаның) құрылыс-монтаж және өзге жұмыстарды орындауына, сондай-ақ құрылыс-монтаж жұмыстарын жүргізу кезінде үшінші тұлғалардың денсаулығына не мүлкіне келтірілген зиянның орнын толтыруға байланысты мүліктік мүдделері.

2. Осы шарт бойынша сақтандыруға жатады:

1) құрылыс алаңын жабдықтау (уақытша ғимараттар мен құрылыстар, қойма үй-жайлары, құрылыс сынықтары, инженерлік коммуникациялар және т.б.);

2) тапсырыс берушіге немесе мердігерге тиесілі, құрылыс алаңында немесе оның жанындағы нысандар;

3) құрылыс машиналары мен жабдықтары: жер қазу техникасы мен жабдықтары (бульдозерлер, экскаваторлар және т.б.), жол-құрылыс техникасы (скреперлер, жол тегістегіштер, асфальт төсеуіштер және т.б.), құрылыс объектісінде бекітілген құрылыс-монтаж жұмыстарын жүргізуге арналған құрылыс техникасы мен жабдықтары (крандар, жүк көтергіштер, бетон-ерітінді араластырғыштар және т.б.);

4) құрылыс объектілері, монтаж объектілері.

3. Тараптардың қосымша келісімі бойынша сақтандыруға жатады:

1) сақтандыру жағдайы нәтижесінде зардап шеккен мүліктің сынықтарынан сақтандыру шартында көрсетілген аумақты тазалауға арналған шығыстар (1-қосымша);

- 2) іске қосқаннан кейінгі кепілдік міндеттемелер (2-қосымша);
- 3) үшінші тұлғалар алдындағы азаматтық жауапкершілік (3-қосымша).

4-бап. САҚТАНДЫРУ ТӘУЕКЕЛДЕРІ

1. Осы ережелерге сәйкес жасалған сақтандыру шарты бойынша 3-баптың 2-тармағында санамаланған объектілердің төмендегі оқиғалар нәтижесінде жоғалуы (қирауы) немесе зақымдануы тәуекелі сақтандырылады (жиынтығы бойынша (толық пакет) немесе олардың кез келген комбинациясы бойынша):

- 1) өрт, найзағай соғуы, жарылыс;
- 2) ұшқыш аппараттардың немесе олардан шыққан заттардың сақтандырылған мүлікке құлауы;
- 3) табиғи апаттар (жер сілкінісінен басқа);
- 4) жер сілкінісі;
- 5) жер асты суларымен су астында қалу;
- 6) бу қазандарының, газ қоймаларының, газ құбырларының, машиналардың, аппараттардың және өзге ұқсас құрылғылардың жарылуы;
- 7) инженерлік желілердің (су құбыры, кәріз, жылу жүйесі, электр жабдықтау) авариясы;
- 8) жоғарыда санамаланған сақтандыру жағдайлары нәтижесінде сақтандырылған объектінің опырылып немесе құлап бөліктерімен зақымдану;
- 9) қозғалыстағы техниканың соқтығысуы (башенный кран, теміржол, әуе және су көлігін қоспағанда);
- 10) монтаж заттарының құлауы.

5-бап. САҚТАНДЫРУ ЖАҒДАЙЛАРЫНАН ШЕТТЕТУЛЕР ЖӘНЕ САҚТАНДЫРУДЫ ШЕКТЕУ

1. Мүліктің жоғалуы (қирауы) немесе зақымдануы төмендегілер нәтижесінде болған жағдайда сақтандыру жағдайы болып табылмайды және Сақтандырушы сақтандыру төлемін жүзеге асырмайды:

- 1) соғыс; басып кіру; шетел мемлекетінің жаулап алу әрекеттері; соғыс жарияланған-жарияланбағанына қарамастан әскери немесе соларға ұқсас операциялар немесе азамат соғысы;
- 2) бүлік; ереуіл; локаут; халықтық бас көтерілісіне ұласқан азаматтық тәртіпсіздіктер; толқу; азаматтық қозғалыс; әскери бүлік; революция; биліктің әскери жолмен басып алынуы немесе узурпациялануы; конфискация; реквизиция немесе мүлікті ұлттандыру; террористік актілер;
- 3) радиоактивті сәуле шығару немесе атом отынынан радиоактивті отынмен немесе радиоактивті қалдықтармен ластану;
- 4) Сақтанушының, оның қызметкерлерінің немесе өкілдерінің қасақана іс-қимылдары немесе ауыр немқұрайлылығы;
- 5) Сақтанушының сақтандырылған объектілерде техника қауіпсіздігі ережелері мен құрылыс-монтаж және өзге жұмыстарды жүргізу ережелерін орындамауы;
- 6) конструкция қателіктері, материал ақаулары немесе дайындау не құрылыс-монтаж жұмыстарын жүргізу кезінде жіберілген қателіктер. Алайда бұл шеттету тек ақаулы материалдар мен заттарға ғана қатысты, бірақ мұндай материалдар мен жұмыстардағы ақаулар нәтижесінде дұрыс тұрғызылған объектілер мен заттарға келтірілген зиянды өтеуді шеттетпейді;
- 7) бірте-бірте әсер ететін себептер, соның ішінде, бірақ мұнымен шектелмей: тозу, тат басу, коррозия, зең, саңырауқұлақ, ылғалды немесе құрғақ шіру, бірте-бірте нашарлау, жасырын ақаулар, туа біткен кемшіліктер, жәй-жәй дамыған деформация немесе бұрмалану, жәндіктер қалдықтары, кез келген түрдегі паразиттер/микробтардың және кеміргіштердің іс-қимылы, өздігінен тұтану немесе сақтандырылған материалдар мен жабдықтардың өзге табиғи қасиеттері;
- 8) берілген уақыт пен орынға тән кәдімгі ауа райы жағдайларының әсері;
- 9) жоспарлардың, сызбалардың, фотографиялардың, үлгілердің, макеттердің, бағалы қағаздардың, ақшаның, бухгалтерлік және өзге құжаттардың жоғалуы, жойылуы, бүлінуі;
- 10) Сақтанушыға, сақтандыру олардың пайдасына жасалған тұлғаларға немесе олардың өкілдеріне апат болғанға дейін белгілі болған қателіктер, кемшіліктер немесе ақаулар.

2. Осы ережелерге сәйкес берілген сақтандыру полисі бойынша төмендегілер жабылмайды:

- 1) үшінші тұлғалардың Сақтанушыға қойған, соның ішінде моральдық зиян және тұрақсыздық айыбы;

- 2) уәкілетті органдарда сақтандыру жағдайымен және оны дәлелдеумен байланысты іс жүргізуге арналған шығыстар (ксерокопияларға, нотариалды куәландыруға, сараптамаға, адвокат, өкіл, аудармашы қызметтеріне төлем және т.п.);
- 3) сақтандыру жағдайы салдарынан болған кіріс (жіберіп алынған пайда);
- 4) Сақтандыру шартында көрсетілген шартсыз франшизадан аспайтын мөлшердегі зиян;
- 5) тербелістен (жер сілкінісінен туындамаған) немесе тірек элементтерін алып тастаудан немесе әлсіретуден болған мүлікке, жерге немесе ғимараттарға келтірілген зиян, не мұндай зиянмен туындаған немесе шартталған дене жарақаттары немесе мүліктік шығындар;
- 6) Сақтанушының төлем қабілетсіздігі немесе банкроттығы нәтижесінде туындайтын кез келген талаптар;
- 7) мыналар үшін жауапкершілік:
 - осы Шарт бойынша сақтандырылмаған (сақтандыру жабдығына кірмейтін) және/немесе осы Шартқа қоса тіркелген құжаттарда көрсетілмеген, сақтандырылмаған, сақталынып отырылған немесе бақылауындағы заттардың жоғалуы (қирауы) немесе зақымдануы;
 - жалпы пайдалану жолдарында жүруге рұқсаты бар көлік құралдары, жүзу құралдары немесе ұшақтарымен туындаған жазатайым оқиғалар;
 - Сақтанушының ерікті түрде қабылдаған өтем төлеу немесе өзге өтем түрлерін төлеу жөніндегі мүмкін міндеттемелері, мұндай жауапкершілік мұндай келісімсіз де болатын жағдайлардан басқа;
 - сақтандыру оқиғасы нәтижесінде болғанымен тек түгендеу барысында анықталған зиян немесе бүлінулер;
- 8) осы Шарт бойынша бұл тәуекел сақтандырылмаған болса, құрылыс-монтаж жұмыстарын жүргізу нәтижесінде қоршаған ортаға (жер учаскелері, су ортасы немесе ауа алабы) келтірілген зиян;
- 9) зорлық-зомбылықсыз және/немесе бұзып кіру іздерінсіз сақтандырылған мүлікті алаяқтық жолмен, ұрлық арқылы келтірілген зиян;
- 10) ақаулы материалдар, заттар немесе олардың бөліктерін немесе орындалған құрылыс-монтаж жұмыстарындағы кемшіліктерді алмастыру, жөндеу немесе жою шығыстары. Алайда бұл шеттету тек тікелей зардап шеккен ақаулы материалдар мен заттарға ғана қатысты және ақаулы материалдарды, заттарды немесе орындалған жұмыстардағы кемшіліктерді пайдалану нәтижесінде туындаған сақтандыру жағдайынан болған жарамды бөліктер мен дұрыс тұрғызылған конструкциялардың жоғалуына (қирауына) немесе зақымдануына таратылмайды;
- 11) тозу, коррозия, тотығу, шіру, өздігінен тұтану, қабық пайда болуы және материалдардың басқа да арнайы қасиеттері немесе табиғи сапасының әсерінен туындаған зиян/шығын, сондай-ақ пайдаланылмауынан немесе кәдімгі ауа-климаттық жағдайлар және/немесе құбылыстар әсерінен болған құндылықтың төмендеуі;
- 12) пайдалану процесінде туындаған машиналар мен механизмдердің және/немесе электр жабдықтарының ішкі ақаулары, сондай-ақ сыртқы факторлармен туындамаған құрылыс техникасының ішкі бұзылыстары мен құрылыс алаңы жабдықтарының ақаулары;
- 13) жалпы пайдалану жолдарында жүруге рұқсаты бар көлік құралдарының, жүзу және ұшу аппараттарының жоғалуы (қирауы) немесе зақымдануы;
- 14) жанар-жағар май материалдарының, химикаттардың, суытқыш сұйықтықтардың және өзге шығыс материалдардың, арнайы киімдердің және тамақ өнімдерінің, сондай-ақ сақтандырылған объектіде өндірілген өнімнің жоғалуы (қирауы) немесе зақымдануы;
- 15) осы құрылыстың нысаны болып табылмайтын және құрылыс-монтаж жұмыстарын жүргізуге арналмаған, құрылыс алаңында немесе оның маңайында орналасқан мүліктің жоғалуы (қирауы) немесе зақымдануы;
- 16) Сақтанушының құрылыс объектілерінде техника қауіпсіздігі ережелері мен құрылыс-монтаж және өзге жұмыстарды жүргізу ережелерін орындамауы нәтижесінде келтірілген зиян;
- 17) техникалық, конструкторлық, бухгалтерлік және өзге құжаттаманың, ақшаның, бағалы қағаздардың немесе чектердің, сондай-ақ буып-түю материалдарының, соның ішінде: контейнерлердің, жәшіктердің, бөлгіштердің, паллеттердің, астаулардың, бөшкелердің және т.д. жоғалуы (қирауы) немесе зақымдануына байланысты сақтандырылған мүліктің құнының төмендеуі;
- 18) қоршаған ортаның ластануы үшін жауапкершілік, қоршаған ортаны ластану салдарларын жою шығыстары;
- 19) Сақтанушының өз қызметкерлеріне, сондай-ақ мердігерлер мен субмердігерлердің қызметкерлеріне келтірілген зиянға байланысты кез келген жауапкершілік;



- 20) қауіпті немесе ұйғалты, немесе биохимиялық улы заттарды иеленумен, пайдаланумен байланысты жауапкершілік;
- 21) жиынтықта немесе кенет болып-болмасына қарамастан, шаңды немесе өзге ластаушы заттарды таратумен, атқылаумен, дренажбен, шығарумен, шығумен байланысты жауапкершілік;
- 22) Сақтанушының сот шығыстары.
- 3. Осы Шарт бойынша сақтандыруға жатпайды:**
- 1) әуе және теңіз кемелері, ішкі су жолдарында жүзетін кемелер, «өзен-теңіз» сыныбындағы кемелер, ғарыш объектілері;
 - 2) компьютерлік және ұқсас жүйелердің техникалық ақпарат тасымалдаушылары, атап айтқанда: магниттік таспалар мен кассеталар, магниттік дискілер, жад блоктары және т.п.;
 - 3) маркалар, тиындар, ақша белгілері мен бондар, суреттер, кескіндемелер, мүсіндер немесе өзге коллекциялар немесе өнер туындылары;
 - 4) сақтандыру аумағынан тыс жерде (жолда да) орналасқан тауарлар;
 - 5) зергерлік бұйымдардан тыс тазартылмаған бағалы металдар, оправасыз асыл тастар, зергерлік бұйымдар;
 - 6) ақша, соның ішінде шетел валютасы;
 - 7) бағалы қағаздар;
 - 8) қолжазбалар, жоспарлар, сызбалар, модельдер, макеттер, үлгілер, нысандар және соларға ұқсас шығармашылық зияткерлік қызметтің нысандалған нәтижелері;
 - 9) бухгалтерлік және іскерлік кітаптар, өзге құжаттар;
 - 10) киім-кешек, кию заттары, жеке пайдалану мен гигиена заттары;
 - 11) сақтандыру аумағында (орнында) орналасқан Сақтанушының жұмысшыларына тиесілі жеке заттар;
 - 12) Сақтанушының шарттық міндеттемелерді Сақтанушының өзі де, оның контрагенттері де орындамауымен немесе тиісінше орындамауымен байланысты мүлкітік мүдделері.
- 4. Шарт кез келген жағдайда, тікелей немесе жанама түрде кез келген компьютерді, компьютерлік жүйені, бағдарламалық жасақтаманы, кодты, вирусты немесе процесті немесе кез келген өзге электрондық жүйені зиян келтіру мақсатында пайдаланудан немесе қолданудан туындаған, туындататын немесе алынған шығындарды, зиянды, жауапкершілікті немесе шығыстарды жаппайды.**
- 5. Осы Шарт кез келген қаруды немесе снарядты іске қосу және/немесе бағыттау жүйесінде және/немесе іске қосу механизмінде кез келген компьютерді, компьютерлік жүйені немесе бағдарламалық жасақтаманы немесе кез келген өзге электрондық жүйені пайдалану нәтижесінде туындайтын шығындарды жаппайды.**
- 6. Сақтандыру шартымен өзгеше айқындалмаса, Сақтандырушы мыналар үшін сақтандыру төлемін жүзеге асырмайды:**
- 1) жанама және коммерциялық шығындар, соның ішінде тауарларды жеткізу немесе жұмыстарды (қызметтер көрсетуді) орындау мерзімдерінің бұзылуына байланысты шығындар (айыппұлдар, тұрақсыздық айыбы және т.д.), шарттардағы (договорлардағы) өзге міндеттемелер, жіберіп алынған пайда;
 - 2) моральдық зиян;
 - 3) сот шығыстары;
 - 4) құрылыс-монтаж жұмыстарының ішінара немесе толық тоқтатылуы.
- 7. Бұдан басқа, сақтандыру мыналарды жаппайды: жанар-жағар май материалдарының, химикаттардың, суытқыш сұйықтықтардың, өзге қосалқы материалдардың, сақтандырылған объектіде (сақтандырылған құрылыс-монтаж жұмыстарына қажеттіден басқа) өндірілген өнімнің, бағалы металдардың, тастардың, өнер туындыларының, құжаттар мен бағалы қағаздардың жоғалуы немесе зақымдануы, сондай-ақ тек түгендеу барысында анықталған шығындар және кез келген жанама шығындар, мысалы жіберіп алынған пайда, шарттық айыппұлдар және т.п.**
- 8. Сақтандыру шартымен сақтандырудан өзге шеттетулер тізбесі мен өзге сақтандыру шектеулері белгіленуі мүмкін.**
- 9. Егер Сақтанушы заңдармен немесе өзге нормативтік-құқықтық актілермен белгіленген өрт қауіпсіздігі, үй-жайлар мен құндылықтарды қорғау, жұмыстарды қауіпсіз жүргізу немесе өзге ұқсас нормаларды бұзса, немесе егер мұндай бұзушылықтар Сақтанушының біліміне қарамастан жасалса, Сақтандырушы Сақтанушыны алдын ала хабарлай отырып, бұзушылықтар туралы білген күнінен**

бастап бір ай ішінде атап өтілген бұзушылықтар жойылғанға дейін сақтандыру шарты бойынша міндеттемелерін орындауды тоқтатуға хақылы.

10. Сақтандырушы тікелей себебі қауіпсіздік нормаларын бұзу болып табылатын сақтандыру жағдайлары бойынша сақтандыру төлемін жүзеге асырудан бас тартуға хақылы. Алайда, егер осы нормалардың бұзылуы шығын туындау себептерімен байланыссыз болса, немесе егер Сақтандырушы бұзушылық туралы білген сәттен бастап бір ай өткен соң сақтандыру шартын бұзу құқығын пайдаланбаса, сақтандыру төлемі жүзеге асырылады.

11. Сақтандырушы мынадай жағдайларда сақтандыру төлемінен бас тартуға міндетті:

– Сақтанушының/Сақтандырылған тұлғаның/Пайда алушының және (немесе) бенефициарлық меншік иесінің Қазақстан Республикасы Қаржылық мониторинг агенттігінің ресми сайтында жарияланған терроризм мен экстремизмді қаржыландырумен байланысты, сондай-ақ жаппай қырып-жою қаруын таратуды қаржыландырумен байланысты ұйымдар мен тұлғалардың тізбесінде (бұдан әрі мәтін бойынша – ЖҚҚТҚ тізбесі) болуы;

– Сақтанушының/Сақтандырылған тұлғаның тиісті тексеруді жүргізу үшін Сақтандырушының сұрауы бойынша құжаттарды, сондай-ақ қосымша ақпаратты ұсынбауы;

– ақшамен және (немесе) өзге мүлікпен жасалатын операция кіріс жуу және терроризмді қаржыландыру (бұдан әрі мәтін бойынша – КЖ және ТК) мақсатында жасалады деп пайымдауға негіз болған кезде.

6-бап. САҚТАНДЫРУ СОМАСЫН АЙҚЫНДАУ ТӘРТІБІ

1. Сақтандыру сомасы – сақтандыру объектісі сақтандырылған ақша сомасы, ол сақтандыру жағдайы басталған кезде Сақтандырушының жауапкершілігінің шекті көлемін білдіреді.

2. Мүлікті сақтандыру кезінде сақтандыру сомасы сақтандыру шартын жасасу сәтіндегі оның нақты құнынан (сақтандыру құнынан) аспауы тиіс.

3. Сақтандыру сомасының мөлшері тараптардың сақтандыру шартын жасасу сәтіндегі мүліктің нақты құнын растайтын құжаттар негізінде жасасқан келісімімен айқындалады.

4. Құрылыс-монтаж жұмыстарын сақтандыру кезінде сақтандыру сомасы мыналардан қалыптасады:

1) құрылыс жұмыстары үшін – тапсырыс беруші жеткізетін материалдар мен құрылыс элементтерінің құнын қоса алғанда, материалдардың, еңбекақының, тасымалдау шығыстарының, кедендік баждар мен алымдардың құнын есепке ала отырып, аяқталған кезде құрылыс жұмыстарының толық жобалық (сметалық) құнынан;

2) монтаж жұмыстары үшін – тасымалдау шығыстарын, кедендік баждар мен алымдарды және монтаж шығыстарын қоса алғанда, монтаж аяқталғаннан кейін әрбір сақтандыру объектісінің толық жобалық (сметалық) құнынан;

3) ғимараттар, үйлер мен құрылыстар үшін – берілген жердегі сақтандырылатын мүліктің толық ұқсасы болатын ғимаратты немесе құрылысты салудың құнынан;

4) жабдықтар, машиналар, мүлік-мүкәммал үшін – тозуын шегеріп, сақтандырылатынға толық ұқсас затты сатып алу үшін қажетті сомадан;

5) материалдар мен құрылыс пен монтаж нысаны болып табылатын өзге мүлік үшін – бірдей өндірістік мақсаттағы сақтандырылған объектілерді сатып алу құнынан.

5. Тараптар Сақтандырушы Сақтанушы тарапынан әдейі жаңсақ пікірге бой алдырылғанын дәлелдеген жағдайлардан басқа кезде сақтандыру шартында айқындалған мүліктің құнына дау айта алмайды.

6. Сақтандыру шартымен айқындалған сақтандыру сомасы сақтандыру құнынан асса, ол сақтандыру шартын жасасу сәтіндегі сақтандыру құнынан асатын сақтандыру сомасы бөлігінде жарамсыз болады.

7. Сақтандыру шарты қолданылатын мерзім ішінде басталған барлық сақтандыру жағдайлары бойынша сақтандыру төлемдерінің жалпы сомасы сақтандыру шартымен белгіленген сақтандыру сомасынан аспауы тиіс.

8. Сақтандыру объектісінің ерекшеліктеріне, тәуекел дәрежесіне, сақтандыру жағдайы басталған кезде Сақтанушының болжамды қосымша шығыстарының мүмкін көлеміне қарай қосымша және сот шығыстарының түрлері бойынша сақтандыру сомалары (жауапкершілік шектері) тараптармен сақтандыру шартында жеке ескертіледі.

9. Сақтандыру шартымен сақтандыру сомасы сақтандыру құнынан төмен белгіленуі мүмкін (толық емес мүліктік сақтандыру). Мұндай шартта Сақтандырушы сақтандыру жағдайы басталған кезде

Сақтанушыға (Пайда алушыға) сақтандыру сомасының сақтандыру құнына арақатынасына пропорционалды түрде шеккен шығындарының бір бөлігін өтеуге міндетті.

10. Егер сақтандыру сомасы мүліктің сақтандыру құнынан асса, Сақтандыру шарты мүліктің нақты құнынан асатын сақтандыру сомасы бөлігінде жарамсыз болады.

11. Сақтандыру сомасының асып кетуі Сақтанушының алдауы нәтижесінде болса, Сақтандырушы сақтандыру шартын жарамсыз деп тануды және осыдан туындаған, Сақтанушыдан алынған сақтандыру сыйлықақысы сомасынан асатын мөлшердегі залалдардың орнын толтыруды талап етуге хақылы.

12. Сақтандыру төлемін жүзеге асырғаннан кейін шарт бойынша сақтандыру сомасы (жауапкершілік лимиті) сақтандыру төлемінің мөлшеріне азаяды, бұл туралы сақтандыру шартына белгі қойылады.

13. Сақтандыру сомасы (жауапкершілік лимиті) сақтандыру шартына қосымша келісім жасасу жолымен қалпына келтірілуі мүмкін. Қосымша келісім сақтандыру шартымен бірдей нысанда және бірдей тәртіппен ресімделеді.

7-бап. САҚТАНДЫРУ СЫЙЛЫҚАҚЫСЫ

1. Сақтандыру шарты бойынша төленуге жататын сақтандыру сыйлықақысының мөлшері Сақтанушы ұсынған жобалық құжаттамаға, құрылыс-монтаж және іске қосу-реттеу жұмыстарының сметалық құны туралы деректерге және сақтандыру тәуекелінің сипатына қарай сақтандыру объектісін ескере отырып сақтандыру сомасының бірлігінен алынатын, құрылыс-монтаж тәуекелдерін сақтандыру бойынша тариф мөлшерлемелерінің есебі мен экономикалық негіздемесіне сәйкес есептелген сақтандыру тарифтеріне сәйкес есептеледі.

2. Сақтандыру шартымен жалпы сақтандыру сыйлықақысы белгіленеді. Сондай-ақ сақтандыру шартымен сақтандыру сомасы мен сақтандыру тарифіне қарай әрбір объект және әрбір сақтандыру тәуекелі бойынша сақтандыру сыйлықақысы белгіленуі мүмкін.

3. Сақтандырушы төленуге жататын сақтандыру сыйлықақысының мөлшерін айқындау кезінде тәуекел факторларына байланысты белгіленетін базалық сақтандыру тарифтеріне арттыратын және азайтатын коэффициенттерді пайдалануға хақылы: құрылыс алаңының сипаты мен оның тәуекелдерге ұшырауы (климаттық және тектоникалық жағдайлар); объектінің конструктивтік ерекшеліктері мен құрылыс материалдарының қасиеттері; құрылыс әдістері; жұмыстар кестесін орындауға ықпал ететін тәуекелдер; жұмыстарды тиімді орындауды қамтамасыз ететін шаралар; жақын өрт бекетіне, авариялық және жөндеу қызметтеріне дейінгі қашықтық және т.п.

4. Сақтандыру сыйлықақысы Сақтанушымен қолма-қол немесе қолма-қол емес нысанда бір мезгілде немесе мерзімді сақтандыру жарналары түрінде бөліп-бөліп төленеді.

5. Сақтандыру шартында ескертілген мерзімдерде Сақтанушы сақтандыру сыйлықақысын (сақтандыру жарнасын) төлемеген жағдайда, Сақтандырушы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес сақтандыру шартын бір жақты тәртіппен бұзуға немесе оның қолданылуын сақтандыру сыйлықақысын (сақтандыру жарнасын) төлемеген күннен бастап тоқтата тұруға хақылы.

6. Белгілі бір сақтандыру жарнасын (сақтандыру сыйлықақысын) мерзімінде төлемеу кезеңінде сақтандыру жағдайы басталса, Сақтандырушы сақтандыру төлемінің мөлшерін айқындау кезінде төленбеген сақтандыру жарнасының (сақтандыру сыйлықақысының) сомасын есепке алуға хақылы.

7. Сақтандыру шарты, егер оның қолданылуы Сақтанушының кезекті сақтандыру сыйлықақысы бөлігін төлемеуіне байланысты тоқтатылса, қайта жаңартылуы мүмкін. Бұл ретте сақтандыру шартының қолданылу мерзімі ұзартылмайды. Сақтандырушы сақтандыру шартын бұзу немесе тоқтата тұру сәтінен оны қайта жаңарту сәтіне дейінгі кезеңде шарт бойынша жауапкершілік көтермейді және осы кезеңде болған сақтандыру жағдайлары бойынша сақтандыру төлемі жүзеге асырылмайды.

8-бап. ФРАНШИЗА

1. Франшиза – сақтандыру шарттарымен белгіленген белгілі бір мөлшерден аспайтын зиянды өтеуден Сақтандырушыны босату.

2. Франшиза шартты (алынбайтын) және шартсыз (алынатын) болып бөлінеді.

Франшизаның мөлшері сақтандыру шартында (полисінде) ескертіледі:

1) Шартты франшизада Сақтандырушы белгіленген франшиза мөлшерінен аспайтын зиянды өтеуден босатылады, бірақ оның мөлшері осы сомадан асса, зиянды толық өтеуге тиіс.

2) Шартсыз франшизада зиян барлық жағдайда белгіленген соманы шегеріп өтеледі.

3. Франшиза сақтандыру сомасының пайызымен немесе абсолютті мөлшерде белгіленеді.
4. Франшизаның мөлшері тараптардың келісімімен белгіленеді және әрбір нақты жағдай үшін жеке ескертіледі.

9-бап. САҚТАНДЫРУ ШАРТЫН ЖАСАСУ ТӘРТІБІ

1. Сақтандыру шарты Сақтанушының белгіленген нысандағы ауызша немесе жазбаша өтініш-сауалнамасы негізінде жасасылады.
2. Егер сақтандыру шарты Сақтанушының жазбаша өтініш-сауалнамасы негізінде жасасылса, бұл өтініш сақтандыру шартының ажырамас бөлігі болып табылады.
3. Сақтандырушы өтініш-сауалнаманың нысаны мен сұралатын мәліметтерді өзгертуге хақылы.
4. Сақтандыру шартын жасасу кезінде Сақтанушы Сақтандырушыға сақтандыру жағдайының басталу ықтималдылығын және одан болатын мүмкін шығындардың мөлшерін (сақтандыру тәуекелін) айқындау үшін маңызды мәні бар, Сақтанушыға белгілі жағдайлар туралы хабарлауға міндетті.
5. Сақтанушы Сақтандырушы сақтандыру тәуекелін айқындау мақсатында қойған сұрақтарға жауап беруге, сондай-ақ мынадай құжаттардың көшірмелерін ұсынуға міндетті: құрылыс (монтаж) жұмыстарын жүргізуге арналған мердігерлік шарт, сызбалар, жоспар-кестелер, шығыстардың сметасы.
6. Сақтандырылған мүлік туралы ақпараттың дұрыстығына жауапкершілікті Сақтанушы көтереді.
7. Егер сақтандыру шарты Сақтанушының кейбір сұрақтарға жауаптарының болмауы кезінде жасасылса, соңғысы кейін Сақтанушының тиісті жағдайларды хабарламауын негіз ете отырып сақтандыру шартын бұзуды немесе оны жарамсыз деп тануды талап ете алмайды.
8. Сақтандыру шарты жасасылғаннан кейін Сақтанушының осы баптың 4-тармағында көрсетілген жағдайлар туралы Сақтандырушыға заведомо жалған мәліметтер хабарлағаны анықталса, Сақтандырушы сақтандыру шартын жарамсыз деп тануды талап етуге хақылы.
9. Сақтандырушы, Сақтанушы үндемеген жағдайлар өтіп кеткен болса, сақтандыру шартын жарамсыз деп тануды талап ете алмайды.
10. Сақтандырушы құрылыс алаңының, мүліктің және жабдықтың болуы мен жай-күйін, сондай-ақ Сақтанушы хабарлаған мәліметтердің дұрыстығын тексеруге хақылы.
11. Сақтандыру шарты тараптармен бір құжат жасастыру жолымен немесе Сақтанушының Сақтандырушы бір жақты тәртіппен жасаған үлгілік шарттарға (осы ережелерге) қосылуы (қосылу шарты) жолымен жазбаша нысанда жасасылады және Сақтандырушы Сақтанушыға сақтандыру полисін береді.
12. Сақтандыру шарты мыналарды қамтуы тиіс:
 - 1) Сақтандырушының атауы, орналасқан жері мен банктік деректемелері;
 - 2) Сақтанушының тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) мен тұрғылықты жері (жеке тұлға болса) немесе атауы, орналасқан жері мен банктік деректемелері (заңды тұлға болса); сақтандыру агентінің тегі, аты, әкесінің аты (жеке басты куәландыратын құжатта көрсетілген болса), байланыс телефон нөмірі мен жеке сәйкестендіру нөмірі (Қазақстан Республикасының тұрғын жеке тұлға болса) немесе атауы, орналасқан жері, байланыс телефон нөмірі мен бизнес-сәйкестендіру нөмірі (Қазақстан Республикасының тұрғын заңды тұлға болса);
 - 3) сақтандыру объектісін көрсету;
 - 4) сақтандыру жағдайын көрсету;
 - 5) сақтандыру сомасының мөлшері, сақтандыру төлемін жүзеге асырудың тәртібі мен мерзімдері;
 - 6) сақтандыру сыйлықақысының мөлшері, оларды төлеудің тәртібі мен мерзімдері; сақтандыру агентіне тиесілі комиссиялық сыйақының бар-жоғы туралы көрсетілім;
 - 7) жасасу күні, сақтандыру полисінің және сақтандыру қорғанысының қолданылу мерзімі;
 - 8) олар сақтандыру қатынасының қатысушылары болса, Сақтандырылған тұлға мен Пайда алушы туралы мәліметтер;
 - 9) Сақтандыру полисінің нөмірі, сериясы;
 - 10) Сақтандыру полисінің шарттарына өзгерістер енгізудің жағдайлары мен тәртібі; Сақтанушының мүліктік сақтандыру шартының қолданылу кезеңінде сақтандыру тәуекелінің өсуіне елеулі ықпал ете алатын болса, Сақтандырушыға хабарланған жағдайларда болған елеулі өзгерістер туралы дереу хабарлау міндеті (ҚР АҚ 834-бабының 1-тармағы);
 - 11) сақтандыру сомасының, сақтандыру төлемінің және сақтандыру сыйлықақысының валюта түрі;

12) Сақтанушының сәйкестендіру нөмірін, резиденттік белгісін және экономика секторының кодын көрсету;

13) Сақтандырылған тұлға (Пайда алушы) сақтандыру шарты бойынша Сақтанушы болып табылмаса, сақтандыру шартында Сақтандырылған тұлға (Пайда алушы) көрсетілген жағдайда, Сақтандырылған тұлғаның (Пайда алушының) сәйкестендіру нөмірін, резиденттік белгісін және экономика секторының кодын көрсету.

13. Сақтандыру шарты жоғалған жағдайда Сақтандырушы Сақтанушының жазбаша өтінішінің негізінде сақтандыру шартының Көшірмесін береді, бұдан кейін жоғалған сақтандыру шарты жарамсыз деп есептеледі және оның бойынша сақтандыру төлемі жүзеге асырылмайды.

14. Сақтандыру шарты шарттарының кез келген өзгерістері сақтандыру шартына толықтыру ретінде ресімделеді. Толықтыру сақтандыру шартының ажырамас бөлігі болып табылады.

10-бап. САҚТАНДЫРУ ШАРТЫНЫҢ ҚОЛДАНЫЛУ МЕРЗІМІ МЕН ОРНЫ

1. Сақтандыру шарты сақтандыру шартымен өзгеше белгіленбесе, Сақтанушы сақтандыру сыйлықақысын немесе бөліп төлеу кезінде – бірінші сақтандыру жарнасын төлеген сәттен бастап қолданылысқа енеді және тараптар үшін міндетті болады.

2. Тараптардың келісімі бойынша Сақтандыру шарты мынадай мерзімдерге жасасылуы мүмкін:

1) құрылысты ұйымдастыру жобасы мен жұмыстар жүргізу жобасына сәйкес жұмыстардың бүкіл мерзіміне;

2) құрылыс-монтаж жұмыстарының жекелеген кезеңдеріне. Құрылыс-монтаж жұмыстарының кезеңдері жергілікті сметалық құжаттама, құрылыс кестесі негізінде айқындалады және дайындық жұмыстарын, құрылыс-монтаж жұмыстарының басталуын («нөлдік цикл»), объектіні монтаждауды, жабдықтар мен коммуникацияларды монтаждау және орнатуды, отделка жұмыстарын, объектіні пайдалануға беруге дайындық жұмыстарын, іске қосу-реттеу жұмыстарын қамтиды;

3) кез келген күнтізбелік мерзімге.

3. Сақтандыру шартымен өзгеше белгіленбесе, сақтандыру қорғанысының кезеңі сақтандыру шартының қолданылу мерзімімен сәйкес келеді.

4. Мердігерлік шарт немесе осындай жұмыстар жүргізілетін негіз болып табылатын басқа құжаттар бойынша құрылыс-монтаж және іске қосу-реттеу жұмыстарының жүргізілу мерзімі сақтандыру шартының қолданылу мерзімінен асса, шарт Сақтандырушымен Сақтанушының асу кезеңі мен шарттарын, сақтандыру тәуекелінің сипатын ескере отырып Сақтандырушы есептеген тиісті сақтандыру сыйлықақысын төлей отырып, азаматтық заңнамада және осы ережелерде белгіленген тәртіппен Сақтанушымен бірлесіп қайта ресімделуге жатады.

5. Егер Сақтанушыға және сақтандыру пайдасына жасалған тұлғаға байланысты емес себептерден, құрылыс (монтаж) жұмыстары төрт айдан аспайтын мерзімге тоқтатылса, сақтандыру осы кезеңге тоқтатыла тұрады және жұмысты қайта бастауда қосымша сақтандыру сыйлықақысын төлемей жұмыстарды тоқтату мерзіміне ұлғайтылған сақтандыру кезеңімен қайта қолданылысқа енеді. Барлық өзге жағдайларда шартта көрсетілген сақтандыру мерзімі Сақтандырушы мен Сақтанушының келісімі бойынша ғана қосымша сақтандыру сыйлықақысын төлей отырып ұзартылуы мүмкін.

6. Сақтандыру шартының қолданылу орны (сақтандыру аумағы) тек сақтандыру шартында көрсетілген аумаққа ғана таралады.

11-бап. ТАРАПТАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

1. Сақтанушы мынадай құқықтарға ие:

1) Сақтандырушыдан оның төлем қабілеттілігі мен қаржылық тұрақтылығы туралы ақпаратты талап ету;

2) сақтандыру шарты бойынша Пайда алушы болса, сақтандыру жағдайы басталған кезде сақтандыру төлемін алу;

3) Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген өзге іс-қимылдарды жасау.

2. Сақтанушы мынадай міндеттерді атқаруға тиіс:

1) сақтандыру шартын жасасу кезінде Сақтандырушыға сақтандыру тәуекелін бағалау және Сақтандырушының сақтандыру шартын жасасу туралы шешім қабылдауы үшін маңызды мәні бар өзіне белгілі барлық жағдайлар туралы хабарлау;

- 2) Сақтандырушыға өзге сақтандыру компанияларымен жасасылған және жасасылып жатқан құрылыс-монтаж тәуекелдерін сақтандыру шарттары туралы жазбаша хабарлау;
- 3) сақтандыру шартында белгіленген мөлшерде, тәртіппен және мерзімдерде сақтандыру сыйлықақыларын төлеу;
- 4) сақтандыру шартының қолданылу кезеңінде Сақтандырушыны сақтандыру тәуекелінің жай-күйі туралы дереу хабардар ету;
- 5) Сақтандырылған тұлғаларды сақтандыру шарттарымен таныстыру;
- 6) сақтандыру шарты ережелерін орындау (Сақтандырылған тұлғалардың сақтандыру шарты шарттарын бұзуы Сақтанушының өзінің сақтандыру шарты шарттарын бұзуы деп есептеледі);
- 7) сақтандыру шартында белгіленген мерзімдерде сақтандыру жағдайының белгілері бар және/немесе салдарынан сақтандыру жағдайы туындауы мүмкін оқиғаның басталғаны туралы Сақтандырушыны хабардар ету;
- 8) сақтандыру жағдайынан болатын шығындарды болдырмау немесе азайту шараларын қолдану;
- 9) сақтандыру жағдайының себептері, барысы және салдарлары, келтірілген зиянның сипаты мен мөлшері туралы баға беруге мүмкіндік беретін барлық қолда бар ақпаратты Сақтандырушыға ұсыну;
- 10) суброгация тәртібімен Сақтандырушыға сақтандыру жағдайының туындауына жауапты тұлғаға талап қою құқығының өтуін қамтамасыз ету;
- 11) Сақтанушы Сақтандырушының немесе үшінші тұлғаның Сақтанушының, Сақтандырылған тұлғаның (Пайда алушының) дербес деректерін, трансшекаралық беруді қоса алғанда, жинауына және өңдеуіне Сақтандырылған тұлғаның (Пайда алушының) келісімін, сондай-ақ өз келісімін растайды. Дербес деректерді сақтау мерзімі Сақтандырушымен оларды одан әрі сақтаудың қажеті болмаған кезге дейін айқындалады және 10 жылды құрайды. Дербес деректерді пайдалану Сақтандырушының немесе үшінші тұлғаның Шарт шарттарын және/немесе Қазақстан Республикасының заңнамасын орындау мақсаттарында, сондай-ақ Қоғамның жалпы алғандағы қызмет мақсаттарын іске асыру үшін жүзеге асырылады.
- 12) Сақтанушы Сақтандырушының немесе үшінші тұлғаның Сақтанушының, Сақтандырылған тұлғаның (Пайда алушының) жалпыға қолжетімді дербес деректер көздерінде, электрондық және өзге деректер базаларында және картотекаларда, соның ішінде мұндай деректерді үшінші тұлғаларға беруді қоса алғанда, дербес деректерін тарататынына Сақтандырылған тұлғаның (Пайда алушының) келісімін, сондай-ақ өз келісімін растайды.
- 13) Сақтанушы Сақтандырылған тұлғадан (Пайда алушыдан) Сақтандырушының немесе үшінші тұлғаның Сақтандырылған тұлғаның (Пайда алушының) дербес деректерін өңдеуіне, трансшекаралық беруге, сондай-ақ жалпыға қолжетімді дербес деректер көздерінде, электрондық және өзге деректер базаларында және картотекаларда, соның ішінде мұндай деректерді үшінші тұлғаларға беруді қоса алғанда, тарату үшін жазбаша келісімді талап етуге міндетті.
- 14) Сақтанушы Сақтандырылған тұлғаның (Пайда алушының) трансшекаралық беруге келісімінің болмауы, жалпыға қолжетімді дербес деректер көздерінде, электрондық және өзге деректер базаларында және картотекаларда, соның ішінде мұндай деректерді үшінші тұлғаларға беруге келісімнің болмауы жағдайларын қоса алғанда, Сақтандырылған тұлғаның (Пайда алушының) дербес деректерін Сақтандырушының немесе үшінші тұлғаның өңдеуіне келісімінің болмауына жауап береді.
- 15) Деректерді жинауға және өңдеуге берілген келісім мыналарды қамтиды:
 - атауы (тегі, аты, әкесінің аты (жеке басты куәландыратын құжатта көрсетілген болса),
 - бизнес-сәйкестендіру нөмірі (жеке сәйкестендіру нөмірі);
 - субъектінің тегі, аты, әкесінің аты (жеке басты куәландыратын құжатта көрсетілген болса);
 - дербес деректерді жинауға, өңдеуге келісімнің қолданылатын мерзімі немесе кезеңі;
 - операторда дербес деректерді үшінші тұлғаларға беру мүмкіндігінің бар-жоғы туралы мәліметтер;
 - деректерді өңдеу процесінде дербес деректерді трансшекаралық берудің бар-жоғы туралы мәліметтер;
 - жалпыға қолжетімді көздерде дербес деректерді тарату туралы мәліметтер;
 - дербес деректер субъектісімен байланысты жиналатын деректер тізімі.
- 16) Сақтанушы жалпыға қолжетімді дербес деректер көздерінде, электрондық және өзге деректер базаларында және картотекаларда, Сақтанушының, Сақтандырылған тұлғаның, Пайда алушының мобильді қосымшалары, олардың серіктестерінің интернет-ресурстарында, мобильді қосымшалары, әлеуметтік желілерінде сақталатын дербес деректерін Сақтандырушының немесе үшінші тұлғаның

жинауына және өңдеуіне Сақтандырылған тұлғаның (Пайда алушының) келісімін, сондай-ақ өз келісімін растайды.

3. Сақтандырушы мынадай құқықтарға ие:

- 1) сақтандыру шартын жасасу кезінде сақтандырылатын объектіні қарап-тексеруге, ал қажет болған жағдайда – оның нақты құнын белгілеу мақсатында сараптама тағайындауға;
- 2) Сақтанушы (Сақтандырылған тұлға) берген ақпарат пен құжаттарды, сондай-ақ Сақтанушының (Сақтандырылған тұлғаның) сақтандыру шартының талаптарын орындауын тексеру;
- 3) зақымдалған мүлікті қарап-тексеруге қатысу;
- 4) сақтандыру жағдайының белгілері бар оқиғаның себептері мен жағдайларын өздігінен анықтау, соның ішінде уәкілетті органдарға сұраныстар жіберу;
- 5) Сақтанушыдан немесе Сақтандырылған тұлғадан сақтандыру жағдайын, оның туындау жағдайларын белгілеу үшін қажетті ақпаратты талап ету;
- 6) Сақтанушының (Сақтандырылған тұлғаның/Пайда алушының) бұл туралы жазбаша хабарландыра отырып, Сақтанушының ниеті немесе оның уәкілетті тұлғасының іс-қимылы, сондай-ақ Сақтанушының сақтандыру шарты шарттарын орындамауы кезінде немесе оқиғаны сақтандыру жағдайы деп танымаған жағдайда сақтандыру төлемінен бас тарту;
- 7) тәуекелдің туындауына ықпал ететін жағдайлардың болуын кез келген қисынды уақытта тексеруге және бақылауға;
- 8) Сақтанушы немесе Сақтандырылған тұлға сақтандыру шартын немесе осы ережелерді бұзған жағдайда сақтандыру шартын мерзімінен бұрын тоқтатуға;
- 9) Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген өзге іс-қимылдарды жасауға.

4. Сақтандырушы мынадай міндеттерді атқаруға тиіс:

- 1) Сақтанушыны сақтандыру ережелерімен таныстыру;
- 2) оқиғаны сақтандыру жағдайы деп таныған жағдайда сақтандыру шартымен белгіленген мөлшерде, тәртіппен және мерзімдерде сақтандыру төлемін жүзеге асыру;
- 3) Сақтанушыға (Сақтандырылған тұлғаға) сақтандыру жағдайы кезінде шығындарды азайту мақсатында жұмсаған шығыстарын өтеу;
- 4) сақтандыру құпиясын қамтамасыз ету;
- 5) мынадай жағдайларда сақтандыру төлемінен бас тарту:
 - Сақтанушының/Сақтандырылған тұлғаның/Пайда алушының және (немесе) бенефициарлық меншік иесінің Қазақстан Республикасы Қаржылық мониторинг агенттігінің ресми сайтында жарияланған терроризм мен экстремизмді қаржыландырумен байланысты, сондай-ақ жаппай қырып-жою қаруын таратуды қаржыландырумен байланысты ұйымдар мен тұлғалардың тізбесінде (бұдан әрі мәтін бойынша – ЖҚҚТҚ тізбесі) болуы;
 - Сақтанушының/Сақтандырылған тұлғаның тиісті тексеруді жүргізу үшін Сақтандырушының сұрауы бойынша құжаттарды, сондай-ақ қосымша ақпаратты ұсынбауы;
 - ақшамен және (немесе) өзге мүлікпен жасалатын операция КЖ және ТҚ мақсатында жасалады деп пайымдауға негіз болған кезде.
5. Тараптардың құқықтары мен міндеттерінің тізбесі толық емес, тараптардың жекелеген міндеттері осы ережелердің өзге тармақтарында белгіленген және сақтандыру шартымен кеңейтілуі мүмкін.

12-бап. САҚТАНДЫРУ ШАРТЫНЫҢ ҚОЛДАНЫЛУ КЕЗЕҢІНДЕ САҚТАНДЫРУ ТӘУЕКЕЛІНІҢ ҰЛҒАЮБЫНЫҢ САЛДАРЫ

1. Сақтандыру шартының қолданылу кезеңінде Сақтанушы (Сақтандырылған тұлға) осы өзгерістер сақтандыру тәуекелінің өсуіне елеулі ықпал ете алатын болса, Сақтандырушыны сақтандыру шартын жасасу кезінде Сақтандырушыға хабарланған жағдайларда болған елеулі өзгерістер туралы дереу жазбаша хабардар етуге міндетті.

2. Мынадай өзгерістер кез келген жағдайда елеулі деп танылады:

- құрылыс алаңында жұмыстардың тоқтатылуы немесе оның сипатының елеулі өзгеруі;
- мүлікті сақтандыру аумағынан тыс пайдалану;
- құрылыс-монтаж жұмыстарына немесе өзге сақтандырылған жұмыстарға арналған шарттарға толықтырулар жасасу;
- мүлікке меншік құқығының басқа тұлғаға өтуі;
- мүлікті мүліктік жалдауға (жалға алуға), лизингке, прокатқа, кепілге және өзге ауыртпалыққа беру;

- құрылыс-монтаж жұмыстарының шарттары мен мерзімдерінің өзгеруі және т.п.
Сақтандыру шартымен тәуекел дәрежесінің өсуіне ықпал ететін өзге де елеулі өзгерістер ескертілуі мүмкін.
- 3.** Сақтандыру тәуекелінің өсуіне алып келетін жағдайлар туралы хабарландырылған Сақтандырушы сақтандыру шарты шарттарын өзгертуді және сақтандыру тәуекелінің өсуіне пропорционалды қосымша сақтандыру сыйлықақысын төлеуді талап етуге хақылы.
- 4.** Егер Сақтанушы немесе Сақтандырылған тұлға сақтандыру шарты шарттарының өзгертілуіне немесе сақтандыру сыйлықақысын қосымша төлеуге қарсы болса, Сақтандырушы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес сақтандыру шартын бұзуды талап етуге хақылы. Бұл ретте Сақтанушыға сақтандыру сыйлықақысын қайтарудың тәртібі сақтандыру шартымен белгіленеді.
- 5.** Сақтанушы немесе Сақтандырылған тұлға осы баптың 1-тармағында белгіленген міндетті орындамаған жағдайда, Сақтандырушы сақтандыру шартын бұзуды және оны бұздан туындаған залалдарды өтеуді талап етуге немесе сақтандыру жағдайы басталған кезде сақтандыру тәуекелінің өсуіне пропорционалды сақтандыру төлемінің мөлшерін азайтуға немесе сақтандыру төлемінен бас тартуға хақылы.
- 6.** Сақтандырушы сақтандыру тәуекелінің өсуіне алып келетін жағдайлар өткен болса, сақтандыру шартын бұзуды талап ете алмайды.

13-бап. САҚТАНДЫРУ ЖАҒДАЙЫ БАСТАЛҒАН КЕЗДЕГІ САҚТАНУШЫНЫҢ ІС-ҚИМЫЛЫ

- 1.** Сақтандыру жағдайының белгілері бар және/немесе салдарынан сақтандыру жағдайы туындауы мүмкін оқиға басталғанда, сондай-ақ сақтандыру жағдайы басталғанда Сақтанушы міндетті:
- болған жағдайларда қолжетімді барлық ақылға сыйымды шараларды, соның ішінде зақымдалған мүлікті құтқару және сақтау шараларын қолдану (Сақтандырушы нақты шараларды қолдану туралы нұсқаулар берген болса, оларды орындауы тиіс);
 - оқиғаны уәкілетті мемлекеттік және өзге де уәкілетті органдармен құжаттандыруды қамтамасыз ету;
 - ол оқиға туралы білген күнінен бастап 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірмей мүмкіндігінше қысқа мерзімде Сақтандырушыны немесе оның уәкілетті өкілін оқиға туралы хабардар ету, оқиға жағдайлары, зиянның түрлері мен болжамды мөлшері туралы белгілі барлық мәліметтерді хабарлау, Сақтандырушымен одан арғы іс-қимылдарды келісу, сондай-ақ Сақтандырушы белгілеген нысан бойынша жазбаша өтініш ұсыну. Егер сақтандыру шартымен өзге мерзім және (немесе) хабарлау тәсілі белгіленсе, ол шартта көрсетілген мерзімде және тәсілмен жасалуы тиіс;
 - зақымдалған мүлікті Сақтандырушы қарап-тексергенге дейін сақтандыру оқиғасы нәтижесінде қалған күйінде сақтау. Сақтанушы қауіпсіздік, зиянның мөлшерін азайту мөлшерлемелеріне байланысты немесе Сақтандырушының келісімімен, сондай-ақ Сақтандырушыны оқиға туралы хабардар еткен соң екі аптадан кейін болған оқиға картинасын өзгертуге хақылы;
 - Сақтандырушыға сақтандыру төлемін жүзеге асыруға қажетті барлық құжаттар мен мәліметтерді ұсыну;
 - Сақтандырушыға сақтандыру жағдайының (оқиғасының) орнын және зақымдалған мүлікті қарап-тексеруге, зиянның себептері мен мөлшерін тергеп-тексеруге мүмкіндік беру, зиянды азайту және сақтандырылған мүлікті құтқару жөніндегі іс-шараларға қатысу;
 - зиянға жауапты тұлғаға талап қою құқығын қамтамасыз ету.
- 2.** Сақтандырушының өкілі Сақтанушының зиян туралы хабарлауын күтпей зардап шеккен мүлікті қарап-тексеруге кірісуге хақылы. Сақтанушы оған кедергі келтіруге хақылы емес.
- 3.** Сақтанушы Сақтандырылған тұлға болып табылмаса, Сақтандырушыны сақтандыру жағдайының басталғаны туралы хабардар ету және болған жағдайларда мүмкін шығындардың алдын алу немесе оларды азайту үшін ақылға сыйымды және қолжетімді шараларды, соның ішінде сақтандырылған мүлікті құтқару және сақтау шараларын қолдану міндеті Сақтандырылған тұлғаға жүктеледі.
- 4.** Пайда алушы кез келген жағдайда, Сақтанушы немесе Сақтандырылған тұлға мұны жасаған-жасамағанына қарамастан, Сақтандырушыны сақтандыру жағдайының басталғаны туралы хабардар етуге хақылы.
- 5.** Сақтандырушыны сақтандыру жағдайының басталғаны туралы белгіленген мерзімде хабардар етпеу оған сақтандыру төлемінен бас тарту құқығын береді.

6. Жылжымалы мүліктің, жабдықтардың және/немесе механизмдердің қирауы немесе зақымдануы жағдайында – Сақтанушы Сақтандырушыға зақымдалған, қираған немесе жоғалған мүлікке арналған тізімдемелерді ұсынуға міндетті. Бұл тізімдемелер Сақтандырушымен келісілген мерзімде, бірақ кез келген жағдайда сақтандыру жағдайы болған күннен бастап бір айдан кешіктірмей ұсынылуы тиіс; тізімдемелер сақтандыру жағдайы болған күнгі зақымдалған мүліктің құнын көрсете отырып жасалады.

7. Сақтанушы болған оқиғаның салдарын жоюға Сақтандырушы өкілдерінің зақымдалған мүлікті және оқиға орнын қарап-тексеруінен кейін ғана немесе Сақтандырушымен оның салдарын жою жөніндегі іс-қимылдарды келіскеннен кейін кірісе алады.

Сақтандырушының өкілдері зиянның жағдайларын, сипатын және мөлшерін анықтау үшін оқиға орнына және Сақтанушының тиісті құжаттамасына, сондай-ақ сақтандыру пайдасына жасалған тұлғалардың құжаттамасына еркін кіруге мүмкіндік алуы тиіс.

8. Сақтандырушы немесе оның өкілдері сақтандырылған мүлікті құтқару мен сақтауға қатысуға, Сақтанушыға қажетті шаралар қолдану жөнінде нұсқаулар беруге хақылы.

14-бап. САҚТАНДЫРУ ЖАҒДАЙЫНЫҢ БАСТАЛҒАНЫН ЖӘНЕ ШЫҒЫНДАРДЫҢ МӨЛШЕРІН РАСТАЙТЫН ҚҰЖАТТАР ТІЗІМІ

1. Сақтандыру жағдайының басталуын, сондай-ақ одан туындаған зиянды дәлелдеу Сақтанушыға жүктеледі.

2. Сақтандыру төлемін алу үшін Сақтанушы (Сақтандырылған тұлға, Пайда алушы) мыналарды құжаттамалық тұрғыда дәлелдеуге міндетті:

- сақтандырылған мүліктегі мүдделілігін;
- сақтандыру жағдайының болуын;
- келтірілген зиянның мөлшерін.

3. Сақтанушы (Сақтандырылған тұлға, Пайда алушы) сақтандыру төлемін алу үшін Сақтандырушыға мынадай құжаттарды ұсынуы тиіс:

1) жеке басын куәландыру және сақтандыру төлемін алу шарттарын сақтау үшін:

сақтандыру жағдайының белгілері бар оқиғаның басталғаны туралы өтініш; сақтандыру шартының (сақтандыру полисінің) көшірмесі; өтініш берушінің жеке куәлігі; жеке тұлғаны дара кәсіпкер ретінде тіркеу туралы куәлік (Сақтанушы жеке тұлға болып табылса және дара кәсіпкерлік қызметті жүзеге асырса); сақтандыру компаниясында іс жүргізуге және сақтандыру төлемін алуға (заңды тұлға үшін немесе Пайда алушының мүддесін білдіру жағдайда) сенімхат;

2) сақтандырылған мүлікті сақтауға мүдделілікті дәлелдеу үшін:

сақтандырылған мүлікке иелену, пайдалану және/немесе оны билеу құқығын растайтын құжаттар (сатып алу-сату, жалдау немесе мүлікке иелену, пайдалану және/немесе оны билеу құқығын растайтын өзге құжат);

3) сақтандыру жағдайының болуын дәлелдеу үшін:

сақтандыру жағдайлары деп қаралатын оқиғаларды тергеп-тексеруді, жіктеуді және есепке алуды жүзеге асыратын арнаулы уәкілетті органдар (комиссиялар) жасаған, не сақтандыру жағдайының басталғаны фактісін растайтын құжаттар:

- өрт, жарылыс кезінде – өртке қарсы және құқық қорғау органдарының актілері, өрт-техникалық сараптаманың қорытындылары, авариялық-техникалық қызметтердің, мемлекеттік және ведомстволық комиссиялардың актілері, қорытындылары, мемлекеттік өрт қауіпсіздігін қадағалаушы инспектордың соңғы тексерудің күнін көрсете отырып, өрт қауіпсіздігінің деңгейін куәландыратын деректер, құрылыс алаңында немесе оның жанында орналасқан жарылысқауіпті объектілерді тексеру актілері, газ желісінің авариялық қызметі, зиянның мөлшерін көрсете отырып зақымдалған (жойылған) сақтандыру объектілерінің тізімі, сақтандыру жағдайының басталу фактісін және келтірілген зиянның мөлшерін, зардап шеккен үшінші тұлғалардың құжаттарын, кінәлі тұлғаларды көрсете отырып растайтын құжаттар;

- авария кезінде – құрылыс-монтаж жұмыстарын орындауда пайдаланылатын және тұрғызылатын құрылыс объектісіне орнатылатын жабдықтарды тексеру актілері, авариялық-техникалық қызметтердің, мемлекеттік және ведомстволық комиссиялардың актілері, қорытындылары, зиянның мөлшерін көрсете отырып зақымдалған (жойылған) сақтандыру объектілерінің тізімі, сақтандыру



жағдайының басталу фактісі мен себебін және келтірілген зиянның мөлшерін, зардап шеккен үшінші тұлғалардың құжаттарын растайтын құжаттар;

- су, жылу, жылыту жүйелерінен су астында қалу кезінде – сақтандыру объектісінің жылу-, су-, жылыту және кәріз жүйелерін тексеру актілері, авариялық-техникалық қызметтердің, мемлекеттік және ведомстволық комиссиялардың актілері, қорытындылары, зиянның мөлшерін көрсете отырып зақымдалған (жойылған) сақтандыру объектілерінің тізімі, сақтандыру жағдайының басталу фактісі мен себебін және келтірілген зиянның мөлшерін, зардап шеккен үшінші тұлғалардың құжаттарын растайтын құжаттар;

- қозғалыстағы техниканың соқтығысуы (башенный кранды, теміржол, әуе және су көлігін қоспағанда) кезінде – авариялық-техникалық және авариялық-құтқару қызметтерінің, ТЖМ және АҚ бөлімшелерінің актілері мен қорытындылары, зардап шеккен үшінші тұлғалардың құжаттары;

- табиғи апаттар кезінде – гидрометеорологиялық қызметтің, мемлекеттік және ведомстволық комиссиялардың, уәкілетті органдардың, ТЖМ және АҚ бөлімшелерінің аумақтық бөлімшелерінің актілері, қорытындылары, сақтандыру жағдайының басталу фактісін және келтірілген зиянның мөлшерін, зардап шеккен үшінші тұлғалардың құжаттарын растайтын құжаттар.

4. Сақтанушы (Сақтандырылған тұлға, Пайда алушы) мүліктегі мүдделілікті, сақтандыру жағдайының басталуын және келтірілген зиянның мөлшерін растайтын өзге де дәлелдемелерді ұсынуға хақылы.

5. Болған оқиға туралы толығырақ ақпарат алу мақсатында Сақтандырушы уәкілетті органдардан (ішкі істер органдарынан, өрт қауіпсіздігін қадағалаудан, авариялық-техникалық қызметтерден, газ желісінің авариялық қызметтерінен), оқиғаның туындау жағдайлары туралы ақпараты бар кәсіпорындардан, мекемелерден және ұйымдардан мәліметтер сұратуға, сондай-ақ оның туындаудың себептері мен жағдайларын өздігінен анықтауға хақылы.

6. Қажет болған жағдайда оқиғаның туындау себептерін анықтау және зиян мөлшерін айқындау жөніндегі жұмыс Сақтандырушының тапсырмасы бойынша тәуелсіз сарапшылармен, бағалаушылармен, аварийлік комиссарлармен орындалуы мүмкін.

7. Сақтандырушы Сақтанушыдан сақтандыру төлемін жүзеге асыруға қажетті құжаттардың толық емес топтамасы ұсынылған жағдайда, Сақтандырушы соңғы құжатты алған күннен бастап 15 жұмыс күні ішінде Сақтанушыны бұл туралы хабардар етеді.

15-бап. САҚТАНДЫРУ ТӨЛЕМІН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУДЫҢ ТӘРТІБІ МЕН ШАРТТАРЫ

1. Сақтанушыдан сақтандыру жағдайының белгілері бар оқиғаның басталғаны туралы жазбаша өтінішті, сондай-ақ сақтандыру төлеміне қажетті барлық құжаттарды алғаннан кейін Сақтандырушы мынадай іс-қимылдарды жасайды:

1) сақтандыру жағдайының белгілері бар оқиғаның басталу фактісін белгілейді; Сақтанушы өтінішінде берілген мәліметтердің сәйкестігін тексереді; Сақтанушының (Сақтандырылған тұлғаның, Пайда алушының) сақтандырылған мүлікті сақтауға деген мүдделілігінің болуын тексереді; зиян келтірілуі нәтижесінде болған оқиғаның фактісі мен себептерін анықтайды; сарапшыларды, аварийлік комиссарларды тартудың қажеттілігін анықтайды, өзге де іс-қимылдарды жасайды;

2) оқиғаны сақтандыру жағдайы деп таныған кезде сақтандыру төлемінің мөлшерін анықтайды, сақтандыру жағдайы туралы акт жасайды.

2. Сақтандыру төлемі Сақтандырушы осы ережелердің 15-бабында көрсетілген Сақтанушы (Сақтандырылған тұлға, Пайда алушы) ұсынған құжаттар, сондай-ақ Сақтандырушы немесе оның өкілі қажетті құжаттар ұсынылғаннан кейін жасаған сақтандыру жағдайы туралы акт негізінде жүзеге асырылады.

3. Сақтандыру төлемі Сақтандырушымен Пайда алушыға сақтандыру сомасы шегінде жүзеге асырылады. Сақтандыру төлемі Сақтанушы (Сақтандырылған тұлға) сақтандыру жағдайы нәтижесінде шеккен нақты шығын мөлшерінен аса алмайды.

4. Зиян деп мыналар есептеледі:

1) аяқталмаған объектілердің, сондай-ақ аяқталған, бірақ пайдалануға берілмеген объектілердің құрылыс алаңында толығымен қирауы кезінде – белгіленген тәртіппен ресімделген құжаттарға (орындалған жұмыстарды қабылдау актісі, жолдамалар, шоттар, төлем құжаттары және т.п.) сәйкес шығыстар;

- 2) Сақтанушы сатып алған немесе төлеген және құрылыс алаңында орналасқан материалдық құндылықтардың толығымен қирауы кезінде – сақтандыру шартын жасасу сәтіндегі материалдық құндылықтардың нақты құны;
- 3) құрылыс объектілерінің, сондай-ақ материалдық құндылықтардың ішінара зақымдануы кезінде – оларды қалпына келтіру шығыстарының құны;
- 4) Сақтанушыға қойылуы мүмкін кез келген талаптарды реттеу бойынша алдын ала тергеп-тексеруге, сот процестерін жүргізуге байланысты қажетті және мақсатқа сай шығыстар, егер оларға Сақтандырушының алдын ала келісімі болса, шарт бойынша өтелуі мүмкін.
- 5.** Сақтандыру шартымен өзгеше айқындалмаса, сақтандыру төлемі сақтандыру шартымен белгіленген франшизаны (шартты, шартсыз) және сақтандыру сомасын ескере отырып, әрбір сақтандырылған объект бойынша мынадай тәртіппен жүзеге асырылады:
- 1) егер сақтандыру шартында сақтандыру сомасы сақтандырылған мүліктің нақты құны мөлшерінде белгіленсе, осы тармақтың 3) – 5) тармақшаларын ескере отырып, сақтандыру төлемі нақты шығын мөлшерінде, бірақ сақтандыру сомасы шегінде жүзеге асырылады;
- 2) егер сақтандыру шартында сақтандыру сомасы сақтандыру шартын жасасу сәтінде сақтандырылған мүліктің нақты құнынан төмен белгіленсе, осы тармақтың 3) – 5) тармақшаларын ескере отырып, сақтандыру төлемінің мөлшері сақтандыру сомасының мүліктің нақты құнына арақатынасына пропорционалды түрде, бірақ сақтандыру сомасы шегінде айқындалады. Бұл жағдайда сақтандыру төлемінің мөлшері (СТ) мынадай формула бойынша айқындалады: $СТ = НШ \times СС/СҚ$, мұнда: НШ – нақты шығын мөлшері; СС – сақтандыру сомасы; СҚ – мүліктің сақтандыру құны;
- 3) егер осы тармақтың 1) немесе 2) тармақшасында айқындалған сақтандыру төлемінің мөлшері сақтандыру шартымен белгіленген франшиза мөлшерінен аспаса, сақтандыру төлемі жүзеге асырылмайды;
- 4) егер осы тармақтың 1) немесе 2) тармақшасында айқындалған сақтандыру төлемінің мөлшері шартсыз франшиза мөлшерінен асса, сақтандыру төлемі сақтандыру шартымен белгіленген шартсыз франшиза мөлшері шегеріліп жүзеге асырылады;
- 5) егер осы тармақтың 1) немесе 2) тармақшасында айқындалған сақтандыру төлемінің мөлшері шартты франшиза мөлшерінен асса, сақтандыру төлемі осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларына сәйкес айқындалған мөлшерде франшиза шегерілмей жүзеге асырылады;
- б) егер сақтандыру шартында франшиза белгіленбесе, сақтандыру төлемі осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларына сәйкес жүзеге асырылады.
- 6.** Егер Сақтанушы (Сақтандырылған тұлға немесе Пайда алушы) келтірілген зиянға жауапты тұлғадан өтем алса, Сақтандырушы нақты шығын мөлшері мен аталған тұлғадан алынған өтем арасындағы айырма мөлшерінде сақтандыру төлемін жүзеге асырады, осы тармаққа сәйкес есептелген сақтандыру төлемінің мөлшері осы баптың 5-тармағына сәйкес есептелген сақтандыру төлемінің мөлшерінен аспаған жағдайда.
- 7.** Егер осы баптың 6-тармағына сәйкес есептелген сақтандыру төлемінің мөлшері осы баптың 5-тармағына сәйкес есептелген сақтандыру төлемінің мөлшерінен асса, сақтандыру төлемі осы баптың 5-тармағына сәйкес есептелген мөлшерде жүзеге асырылады.
- 8.** Сақтандыру төлемін жүзеге асырғаннан кейін Сақтанушы (Сақтандырылған тұлға немесе Пайда алушы) зиянға жауапты тұлғадан өтем алса, ол осы баптың 5–7-тармақтарына сәйкес есептелген сақтандыру төлемінің бір бөлігіне ғана хақылы болады, осыған байланысты Сақтандырушы артық төленген сақтандыру төлемі сомасын қайтаруды талап етуге хақылы, ал зиянға жауапты тұлғадан өтем алған Сақтанушы (Сақтандырылған тұлға, Пайда алушы) Сақтандырушыға артық алынған соманы қайтаруға міндетті.
- 9.** Сақтандыру шартымен өзгеше айқындалмаса, нақты шығынның мөлшері мынадай жолмен айқындалады:
- а) мүліктің толығымен қирауы, жойылуы (ұрлануы) кезінде** – сақтандыру шарты бойынша мүліктің сақтандыру құны мөлшерінде сақтандыру шартының қолданылу кезеңіндегі тозуды (немесе тозусыз) шегеріп, қолдануға жарамды және өткізуге болатын қалдықтарды ескере отырып. Мүліктің толығымен қирауы (жойылуы) деп мүліктің тозуды ескергендегі жөндеу (қалпына келтіру) шығыстары мүліктің нақты құнының 80%-дан асатын зақымдалған жай-күйі есептеледі. Зақымдалған жай-күйі әрбір объект бойынша жеке айқындалады;
- б) ішінара зақымдану кезінде** – оны жөндеу немесе қалпына келтіру шығыстары мөлшерінде немесе мүлік жөнделмейтін (қалпына келтірілмейтін) болса, тиісті бөліктің құнына сәйкес мөлшерінде.

Жөндеу (қалпына келтіру) шығыстарында жөндеуге арналған материалдар мен жинақтаушы бөлшектерді сатып алу, сондай-ақ жөндеу жұмыстарын жүргізуге ақы төлеу шығыстары ескеріледі. Жөндеу (қалпына келтіру) шығыстарынан жөндеу процесінде ауыстырылатын жекелеген бөліктердің (бөлшектердің, тораптардың, агрегаттардың және т.п.) қалдықтық құны шегеріледі.

10. Жөндеу-қалпына келтіру шығыстарына жөндеуге арналған материалдар шығыстары, жөндеу жұмыстарын жүргізуге ақы шығыстары және сақтандырылған мүлікті сақтандыру жағдайы басталардың алдындағы жай-күйге дейін қалпына келтіруге қажетті өзге шығыстар кіреді. Зақымдалған бөліктерді жөндеу қауіпсіздікке қатер туғызбай мүмкін болса да ауыстыру жасалса, Сақтандырушы Сақтанушыға (Сақтандырылған тұлғаға, Пайда алушыға) осы бөліктерді жөндеу құнын, бірақ олардың ауыстыру құнынан аспайтын мөлшерде өтейді. Жөндеу-қалпына келтіру шығыстарының сомасынан жөндеу процесінде ауыстырылатын бөліктердің тозуы шегеріледі.

11. Сақтандырушы мен Сақтанушы (Сақтандырылған тұлға, Пайда алушы) арасындағы келісім бойынша жөндеу-қалпына келтіру шығыстары мыналар негізінде айқындалуы мүмкін:

- 1) Сақтандырушының калькуляциясы, немесе
- 2) аварийлік комиссардың (сюрвейердің) және/немесе диспашердің (аджастердің) не тәуелсіз сарапшының (бағалаушының) қорытындысы, немесе
- 3) Сақтанушы (Сақтандырылған тұлға, Пайда алушы) ұсынған төленген шоттар, сметалар, жолдамалар және өзге құжаттар негізіндегі зақымдалған мүлікті жөндеу-қалпына келтіру жұмыстарына іс жүзінде жұмсалған шығыстардың мөлшерінде, немесе
- 4) тараптардың ұсынылған құжаттар негізінде жасасқан келісімі бойынша.

12. Мүлікке келтірілген зиянның мөлшерін айқындаудың нақты тәсілі тараптардың келісімімен айқындалады.

13. Калькуляция жасалған кезде бөлшектер мен жұмыстарға орташа қолданыстағы нарықтық бағалар қолданылады.

14. Тараптар арасында зиянның себептері мен мөлшері туралы даулар туындаған жағдайда тараптардың әрқайсысы сараптама жүргізілуін талап етуге хақылы. Сараптама оны жүргізілуін талап еткен тараптың есебінен жүргізіледі. Егер сараптама нәтижелерімен Сақтандырушының сақтандыру төлемінің бір бөлігіне бас тартуының негізсіз екені анықталса, Сақтандырушы бастапқыда төлемден бас тартылған соманың сараптамадан кейін жүзеге асырылған сақтандыру төлемі сомасына арақатынасына сәйкес сараптама шығыстарының үлесін өзіне алады.

15. Сақтандыру шартымен қолдануға жарамды және өткізуге болатын бар қалдықтарды шегермей сақтандыру төлемін жүзеге асыру белгіленуі мүмкін. Бұл жағдайда Сақтанушы (Сақтандырылған тұлға, Пайда алушы) Сақтандырушыға қолдануға жарамды және өткізуге болатын бар қалдықтарды меншікке беруге міндетті.

16. Егер сақтандыру шартымен Сақтандырушы тарапынан жаңа материалдар мен мүлік бөліктерін сатып алу шығыстарын, жөндеу процесінде ауыстырылатын жекелеген бөліктердің қалдықтық құнын шегермей, толық мөлшерде өтеу белгіленсе, онда Сақтанушы (Сақтандырылған тұлға, Пайда алушы) жөндеу процесінде ауыстырылатын жекелеген бөліктерді меншікке Сақтандырушыға беруге міндетті.

17. Есепке алуға құрылыста, жөндеу үшін, қайта өңдеу үшін және т.п. пайдаланылуы мүмкін барлық қалдықтар жатады; отын, қайталама шикізат (металл сынықтары, ескі зат) және т.д. үшін жарамды қалдықтар да ескеріледі.

Одан әрі пайдалануға жарамсыз деп танылған қалдықтар комиссия мүшелерінің қатысуымен жоюға жатады.

18. Сақтандыру жағдайына байланысты объектіні бұрынғы орнында қалпына келтіру мүмкін болмаған жағдайларда, олардан қалған қалдықтардың құны объектіні бұзу кезінде, фундаментті бұзуды қоса алғанда, алынуы мүмкін материалдардың (кірпіш, тас, ағаш және т.п.) санына қарай есепке алынады. Бұл кезде алынуы мүмкін қалдықтардың саны қолданыстағы нормаларға сүйене отырып айқындалады.

19. Сақтандыру жағдайы нәтижесінде олардың обесценуін және одан кейін оларды реттеуді ескере отырып, қалдықтардың құны қолданыстағы бағалар бойынша айқындалады.

20. Жұмыстарды жедел жүргізу қажеттілігімен, мүліктің бұрынғы жай-күйін жетілдіруімен немесе өзгертумен, осы сақтандыру жағдайымен туындамаған өзге себептермен шартталған қосымша шығыстар нақты зиян сомасына кіргізілмейді және сақтандырумен жабылмайды.

21. Сақтандыру шартымен өзгеше айқындалмаса, нақты зиянның мөлшерін айқындау кезінде мыналар есепке алынбайды және сақтандырумен жабылмайды:

- 1) мүлікті техникалық, профилактикалық және кепілдік қызмет көрсетуге жұмсалған шығыстар;

- 2) мүлікті қайта жаңартумен және қайта жарактандырумен, тозуына, техникалық ақауына және сақтандыру жағдайына қатысы жоқ өзге себептерге байланысты оның жекелеген бөліктерін, бөлшектерін және тораптарын жөндеумен немесе ауыстырумен байланысты жұмыстар;
- 3) бүлінуі сақтандыру жағдайымен туындамаған мүліктің бөліктерін (бөлшектерін және т.п.) жөндеу немесе ауыстыру құны;
- 4) болуы қаралып отырған сақтандыру жағдайымен тікелей байланысы жоқ жетіспейтін бөліктердің (бөлшектердің, агрегаттардың және т.п.) болмауы;
- 5) нормативтен тыс тарифтерді, бағаларды және коэффициенттерді қолданумен байланысты шығыстар;
- 6) сақтандырылған объектінің құнының өсуіне алып келетін өзге шығыстар.
- 22.** Сақтанушы (Сақтандырылған тұлға немесе Пайда алушы) мүлікті ұрлау кезінде сақтандыру төлемін алу кезінде Сақтандырушымен мынадай шарт жасасуға міндетті:
- 1) ұрланған мүлік табылған жағдайда меншік иесі табылған мүлікке меншік құқығын Сақтандырушы пайдасына ресімдеу міндетін өзіне алады. Бұл ретте тараптар Сақтандырушы пайдасына меншік құқығын ресімдеумен байланысты шығыстарды тең мөлшерде көтереді;
- 2) осы тармақтың 1) тармақшасында көрсетілген міндетті меншік иесінің орындамауы жағдайында не тараптардың келісімі бойынша Сақтанушы (Сақтандырылған тұлға немесе Пайда алушы) мүлік табылған күннен бастап 10 күн ішінде алынған сақтандыру төлемін, мүліктің жоғалған агрегаттарының, бөлшектерінің, жүйелерінің, тораптарының, құрылғылары мен конструкция элементтерінің құнын, сондай-ақ ұрлаумен байланысты жөндеу шығыстарын немесе мүлікті сақтандыру жағдайы болған сәттегі жай-күйге келтіру шығыстарын шегеріп, Сақтандырушыға қайтаруға міндетті.
- 23.** Сақтандыру шартымен өзгеше айқындалмаса, осы баптың 22-тармағына сәйкес шарт жасасу мүлік ұрланған жағдайда сақтандыру төлемін алу үшін қажетті шарт болып табылады.
- 24.** Тараптардың келісімімен мүліктің қирауы жағдайында Сақтандырушы сақтандыру төлемінің орнына залалды заттай нысанда, яғни қираған мүліктің орнына ұқсас мүлік беру арқылы өтеуі мүмкін.
- 25.** Сақтанушы (Сақтандырылған тұлға) сақтандыру жағдайын болдырмау немесе зиянды азайту мақсатында шеккен шығыстар Сақтандырушымен өтеледі, егер мұндай шығыстар қажетті болса немесе Сақтандырушының нұсқаулары бойынша жасалса, тіпті тиісті шаралар нәтиже бермесе де. Мұндай шығыстар іс жүзіндегі мөлшерінде өтеледі, алайда сақтандыру төлемінің жалпы сомасы мен шығыстарды өтеу сомасы сақтандыру шартымен белгіленген сақтандыру сомасынан (жауапкершіліктің шекті көлемінен) аспауы тиіс. Егер шығыстар Сақтандырушының нұсқауларын Сақтанушының (Сақтандырылған тұлғаның) орындауы нәтижесінде туындаса, олар сақтандыру сомасына қарамастан толық мөлшерде өтеледі.
- 26.** Сақтандырушы Сақтанушы (Сақтандырылған тұлға) мүмкін зиянды азайту үшін өзіне қолжетімді ақылға сыйымды шаралар қолданбаған шығындар нәтижесінде туындаған зиян бөлігінде сақтандыру төлемін жүзеге асырудан босатылады.
- 27.** Сақтанушы (Сақтандырылған тұлға немесе Пайда алушы) осы ережелердің 15-бабында көрсетілген құжаттарды ұсынбаған немесе зиянның туындау жағдайлары мен оның мөлшері туралы заведомо жалған мәліметтер берген, не осы баптың 22-тармағына сәйкес шарт жасалмаған жағдайда сақтандыру төлемі жүзеге асырылмайды.
- 28.** Сақтандыру шартымен сақтандыру төлемі жүзеге асырылған сақтандыру шарты сақтандыру шартымен белгіленген сақтандыру сомасы мен жүзеге асырылған сақтандыру төлемі арасындағы айырмаға тең сақтандыру сомасы мөлшерінде оның қолданылу мерзімі аяқталғанға дейін күшінде болатыны белгіленуі мүмкін.
- 29.** Осы баптың 29-тармағында белгіленген жағдайда сақтандыру төлемін жүзеге асырғаннан кейін Сақтанушы осы ережелер шарттарында сақтандыру шарты бойынша мына формула бойынша есептелген қосымша сақтандыру сыйлықақысын төлей отырып (бір жылға жасалған сақтандыру шарттары үшін), қалған сақтандыру мерзіміне қосымша келісім жасасу жолымен сақтандыру шарты бойынша сақтандыру сомасын қалпына келтіруге хақылы: $КСқ. = ЖСТ \times ТМ \times (N/12)$, мұнда: КСқ. – қосымша сақтандыру сыйлықақысы; ЖСТ – жүзеге асырылған сақтандыру төлемінің мөлшері; ТМ – сақтандыру шартында белгіленген сақтандыру тарифі; N – сақтандыру шартының қолданылуы аяқталғанға дейін қалған толық айлардың саны.



16-бап. САҚТАНДЫРУ ТӨЛЕМІ НЕМЕСЕ САҚТАНДЫРУ ТӨЛЕМІНЕН БАС ТАРТУ ТУРАЛЫ ШЕШІМ ҚАБЫЛДАУ МЕРЗІМІ

1. Сақтандырушы сақтандыру төлемі туралы шешім қабылдауға қажетті барлық құжаттарды алғаннан кейін он күндік мерзімде немесе тараптардың келісімімен белгіленген мерзімде сақтандыру төлемі немесе сақтандыру төлемінен бас тарту туралы шешім қабылдайды, бұл туралы Сақтанушыны (Сақтандырылған тұлғаны, Пайда алушыны) жазбаша нысанда хабардар етеді. Егер Сақтандырушы сақтандыру төлемінен бас тарту туралы шешім қабылдаса, ол бас тарту себебін негізді түрде дәлелдейді.
2. Сақтандырушы сақтандыру төлемі туралы шешім шығарылғаннан кейін он күндік мерзімде немесе сақтандыру шартында тараптар белгілеген мерзімде Сақтанушыға (Пайда алушыға) сақтандыру төлемін жүзеге асырады.
3. Сақтандыру төлемін уақтылы жүзеге асырмағаны үшін Сақтандырушы Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 353-бабына сәйкес жауапкершілік көтереді.
4. Сақтандырушының сақтандыру төлемін жүзеге асырудан бас тартуы Сақтанушымен, Сақтандырылған тұлғамен немесе Пайда алушымен сотта шағым берілуі мүмкін.
5. Сақтандырушы Сақтанушыға сақтандыру төлемін жүзеге асырудан толық немесе ішінара бас тартуға хақылы, егер сақтандыру жағдайы мыналар нәтижесінде болса:
 - 1) Сақтанушының, Сақтандырылған тұлғаның және(немесе) Пайда алушының сақтандыру жағдайының туындауына бағытталған немесе оның басталуына ықпал еткен, қажетті қорғаныс пен крайней необходимость (аса қажеттілік) жағдайында жасалған іс-қимылдардан басқа, қасақана іс-қимылдары;
 - 2) Сақтанушының, Сақтандырылған тұлғаның және(немесе) Пайда алушының заңнамалық актілермен белгіленген тәртіппен сақтандыру жағдайымен себепті байланыстағы қасақана қылмыстар немесе әкімшілік құқық бұзушылықтар деп танылған іс-қимылдары.
6. Сақтандырушының сақтандыру төлемін жүзеге асырудан бас тартуының негізі мынадай жағдайлар да бола алады:
 - 1) Сақтанушының сақтандыру объектісі, сақтандыру тәуекелі, сақтандыру жағдайы мен оның салдары туралы Сақтандырушыға заведомо жалған мәліметтер хабарлауы;
 - 2) Сақтанушының сақтандыру жағдайынан болатын зиянды азайту шараларын қасақана қолданбауы;
 - 3) Сақтанушының зиян келтіруге кінәлі тұлғадан тиісті залалды өтелімін алуы;
 - 4) Сақтанушының сақтандыру жағдайының туындау жағдайларын тергеп-тексеруде және оның келтірген зиянының мөлшерін белгілеуде Сақтандырушыға кедергі жасауы;
 - 5) Сақтандырушының сақтандыру жағдайының басталғаны туралы хабардар етпеуі;
 - 6) Сақтанушының сақтандыру жағдайының туындауына жауапты тұлғаға деген талап қою құқығынан бас тартуы, сондай-ақ сақтандырушыға талап қою құқығының өтуіне қажетті құжаттарды беруден бас тартуы.
7. Сақтандырушының осы баптың 5–6-тармақтарында белгіленген Сақтанушының заңға қайшы іс-қимылдары себептерімен Сақтанушы алдындағы сақтандыру жауапкершілігінен босатылуы бір мезгілде Сақтандырушыны Сақтандырылған тұлғаға немесе Пайда алушыға сақтандыру төлемін жүзеге асырудан босатады.
8. Уәкілетті органдар Сақтанушыға немесе оның жұмысшыларына қарсы қылмыстық іс қозғаған және (немесе) сақтандыру жағдайының туындауына алып келген жағдайларды және одан туындаған зиянды тергеп-тексеру жүргізіліп жатқан жағдайда – Сақтандырушы тергеп-тексеру аяқталғаннан кейін 15 күн ішінде сақтандыру төлемін жүзеге асыру туралы шешім қабылдауға міндетті.
9. Ірі тәуекелдерді қайта сақтандыру кезінде тараптардың келісімімен сақтандыру төлемінің мерзімі кейінірек мерзімге жылжытылуы мүмкін.

17-бап. САҚТАНДЫРУШЫҒА ШЫҒЫНДАРДЫҢ ОРНЫН ТОЛТЫРУҒА ДЕГЕН САҚТАНУШЫНЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫНЫҢ ӨТУІ (СУБРОГАЦИЯ)

1. Сақтандыру төлемін жүзеге асырған Сақтандырушыға төленген сома шегінде Сақтанушы (Сақтандырылған тұлға) сақтандыру нәтижесінде өтелген зиянға жауапты тұлғаға деген талап қою құқығы өтеді.

2. Сақтандыру төлемін алу кезінде Сақтанушы (Сақтандырылған тұлға) Сақтандырушыға өзіндегі барлық құжаттар мен дәлелдемелерді беруге, сондай-ақ Сақтандырушыға өтіп кеткен талап қою құқығын жүзеге асыру үшін қажетті барлық мәліметтерді хабарлауға міндетті.

3. Егер Сақтанушы (Сақтандырылған тұлға) Сақтандырушы өтеген зиянға жауапты тұлғаға деген талап қою құқығынан бас тартса немесе Сақтанушының (Сақтандырылған тұлғаның) кінәсімен бұл құқықты жүзеге асыру мүмкін болмай қалса, Сақтандырушы сақтандыру төлемін жүзеге асырудан толық немесе тиісті бөлігінде босатылады және артық төленген соманы қайтаруды талап етуге хақылы.

18-бап. САҚТАНДЫРУ ШАРТЫН ТОҚТАТУ ШАРТТАРЫ

1. Сақтандыру шартымен өзгеше айқындалмаса, сақтандыру шарты мынадай жағдайларда тоқтайды:

1) Сақтандырушының Сақтанушы (Сақтандырылған тұлға, Пайда алушы) алдындағы сақтандыру шарты бойынша міндеттемелерді толық мөлшерде орындауы;

2) сақтандыру шартының қолданылу мерзімінің аяқталуы;

3) заңды тұлға болып табылатын Сақтанушының таратылуы немесе жеке тұлға болып табылатын Сақтанушының қайтыс болуы, егер Сақтандырылған тұлға сақтандыру жарналарын төлеу бойынша Сақтанушының міндеттемелерін өзіне алмаса;

4) Сақтандырушының Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіппен таратылуы;

5) соттың сақтандыру шартын жарамсыз деп тану туралы шешімін қабылдауы.

2. Тараптар сақтандыру шартын мерзімінен бұрын бұзуға хақылы. Сақтандыру шартының қолданылуын мерзімінен бұрын тоқтату ниеті туралы тараптар сақтандыру шартымен өзгеше белгіленбесе, шарттың тоқтатылуының болжамды күніне дейін кемінде 30 күнтізбелік күн бұрын бір-бірін хабардар етуге міндетті.

3. Егер сақтандыру шарты мынадай жағдайлардың бірі бойынша мерзімінен бұрын тоқтатылса:

1) сақтандыру объектісі болмай қалған кезде;

2) Сақтандырушы Сақтанушыны ауыстыруға қарсы болған жағдайда Сақтанушының мүліктік сақтандыру объектісін иеліктен шығаруы;

3) өзінің кәсіпкерлік тәуекелін сақтандырған Сақтанушының кәсіпкерлік қызметін белгіленген тәртіппен тоқтатуы;

4) сақтандыру жағдайының басталу мүмкіндігі жойылып, сақтандыру тәуекелінің болуы сақтандыру жағдайынан өзге жағдайлармен тоқтаған кезде;

5) Сақтандырушыны мәжбүрлеп тарату туралы сот шешімінің заңды күшіне енуі, «Сақтандыру қызметі туралы» Қазақстан Республикасының Заңымен белгіленген жағдайлардан басқа;

6) «Сақтандыру қызметі туралы» Қазақстан Республикасының Заңымен белгіленген жағдайларда;

7) мынадай жағдайларда:

– Сақтанушыны, Сақтандырылған тұлғаны және Пайда алушыны тиісті тексеруден өткізу мүмкіндігінің болмауы;

– іскерлік қатынастар ақшаны жуу мен терроризмді қаржыландыру мақсатында пайдаланылады деп пайымдауға негіз болған кезде. Бұл жағдайда Сақтандырушы Сақтанушыға жазбаша хабарлама беру жолымен Шартты бұзады.

Сақтандыру шарты осы тармақта Сақтандыру шартын тоқтатуға негіз ретінде белгіленген аталған жағдай туындаған сәттен бастап тоқтатылды деп есептеледі, бұл туралы Сақтанушы Сақтандырушыны дереу хабардар етуге міндетті.

4. Осы бөлімнің 3-тармағында көрсетілген оқиғалар басталған кезде Сақтандырушы сақтандыру жағдайлары болмаған шартта сақтандыру шартын жасасумен байланысты әкімшілік шығыстарды (жасалған сақтандыру шарты бойынша табыс салығын, агенттік және шартты қызмет көрсетіп жатқан менеджерге сыйақыны қоса алғанда) шегеріп, жалпы сақтандыру сыйлықақысының 25 % мөлшерінде пайдаланылмаған сақтандыру қорғанысы кезеңі үшін сақтандыру сыйлықақысының бір бөлігін қайтарады.

5. Сақтандыру шартын Сақтанушы – жеке тұлғаның ҚР АҚ 841-бабының 1-тармағында көрсетілген жағдайлармен байланысты емес болса, оны жасасқан күннен бастап 14 (он төрт) күнтізбелік күн ішінде сақтандыру полисінен бас тартуы себебінен мерзімінен бұрын бұзу кезінде Сақтандырушы Сақтанушы – жеке тұлғаға алынған (алынған) сақтандыру сыйлықақысын (сақтандыру жарналарын) сақтандыру қолданылған уақытқа пропорционалды сақтандыру сыйлықақысы (сақтандыру жарналары) бөлігін шегеріп, сондай-ақ алынған (алынған) сақтандыру сыйлықақысының (сақтандыру жарналарының) 10

(он) пайызы мөлшерінде сақтандыру полисін бұзумен байланысты шығыстарды шегеріп қайтаруға міндетті.

6. Осы Сақтандыру ережелерінің 3–5-тармақтарында белгіленбеген негіздер бойынша сақтандыру шартын мерзімінен бұрын бұзу кезінде сақтандыру сыйлықақысы қайтаруға жатпайды.

7. Сақтандыру шартынан Сақтанушы бас тартқан және сақтандыру сыйлықақысы төленбеген жағдайда, Сақтанушы Сақтандырушыға сақтандыру сыйлықақысын бас тартқан күннен бастап 1 жұмыс күні ішінде толық мөлшерде төлеуге, сондай-ақ сыйлықақыны уақтылы төлемегені үшін төленуге жататын сақтандыру сыйлықақысының 0,1%-ін кешіктірілген әрбір күн үшін тұрақсыздық айыбы түрінде төлеуге міндетті.

8. Сақтандыру шартының мерзімінен бұрын тоқтатылуы оның шарттарын Сақтандырушының кінәсі бойынша орындамау нәтижесінде болған жағдайларда, соңғысы Сақтанушыға төленген сақтандыру сыйлықақысын немесе сақтандыру жарналарын толық қайтаруға міндетті.

19-бап. ҚОСЫМША ШАРТТАР

1. Сақтандыру ережелерінің шарттарына өзгерістер енгізу қажет болған кезде өзгерістер Сақтандырушының уәкілетті органымен келісілуі тиіс.

2. Сақтанушы, Сақтандырылған тұлға, Пайда алушы Сақтандырушының жазбаша келісімінсіз Шарт бойынша құқықтар мен міндеттерді үшінші тұлғаларға бере алмайды.

3. Сақтанушының сақтандыру полисін жасасу арқылы осы Сақтандыру ережелеріне қосылуы Сақтандырушының немесе үшінші тұлғаның Сақтандырылған тұлғаның (Пайда алушының) дербес деректерін жинауына және өңдеуіне, қайта сақтандыру шартын жасасу кезіндегі дербес деректерді беруді қоса алғанда, Сақтандырылған тұлғаның (Пайда алушының) келісімін, сондай-ақ Сақтанушының өз келісімін растайды. Дербес деректерді пайдалану Сақтандырушының немесе үшінші тұлғаның Шарт шарттарын және/немесе Қазақстан Республикасының заңнамасын орындау мақсаттарында, сондай-ақ Сақтандырушының жалпы алғандағы қызмет мақсаттарын іске асыру үшін жүзеге асырылады.

4. Сақтандыру полисін жасасу арқылы Сақтанушы Сақтандырушының немесе үшінші тұлғаның дербес деректерді жинауына, сақтауына және өңдеуіне, мұндай деректерді Қазақстан Республикасының заңнамасы талаптарына сәйкес үшінші тұлғаларға беруді қоса алғанда, Сақтандырылған тұлғаның (Пайда алушының) келісімін, сондай-ақ өз келісімін растайды.

5. Сақтандыру полисін жасасу арқылы Сақтанушы Сақтандырылған тұлғадан сақтандыру шартын жасасуға, сондай-ақ Сақтандырушының немесе үшінші тұлғаның Сақтандырылған тұлғаның дербес деректерін өңдеуіне, трансшекаралық беруге, Қазақстан Республикасының заңнамасы талаптарына сәйкес мұндай деректерді үшінші тұлғаларға беруді қоса алғанда, сондай-ақ Сақтандырылған тұлғаны ауыстыруға жазбаша келісімін алғанын растайды.

6. Сақтанушы Сақтандырылған тұлғаның (тұлғалардың) Шартты жасасуға келісімін алғандығын растайды. Сақтанушы Сақтандырылған тұлғаның (тұлғалардың) келісімін талап етпей Сақтандырылған тұлғаны (тұлғаларды) ауыстыруға хақылы.

7. Шармен мынадай оқиғалардың ықпалынан немесе болуымен тікелей немесе жанама туындаған жауапкершілік сақтандырылмайды:

1) кез келген зымыранның, снарядтардың, миналардың, торпедалардың, бомбалардың, жаппай қырып-жою қарулары мен өзге де қару-жарақтардың/құралдардың, машиналардың, кемелердің/өзге жүзу құралдарының, техниканың, дрондардың, роботтардың, техникалық құралдардың, соғыста, әскери іс-қимылдарда, арнайы операцияларда, бітімгершілік акцияларда, кез келген қарсылықтарда, толқуларда, жаппай тәртіпсіздіктерде, революцияларда, төңкерістерде, биліктен тайдырушылықтарда, оккупацияларда, интервенцияларда және кез келген басқа осындай іс-қимылдарда пайдалануға арналған немесе қолданылатын жабдықтардың ықпалы;

2) соғыста, әскери іс-қимылдарда, арнайы операцияларда, бітімгершілік акцияларда, кез келген қарсылықтарда, толқуларда, жаппай тәртіпсіздіктерде, революцияларда, төңкерістерде, биліктен тайдырушылықтарда, оккупацияларда, интервенцияларда және кез келген басқа осындай іс-қимылдарда пайдаланылған немесе қолданылып, не қолданылғаннан кейін қалған кез келген зымыранның, снарядтардың, миналардың, торпедалардың, бомбалардың, жаппай қырып-жою қарулары мен өзге де қару-жарақтардың/құралдардың, машиналардың, кемелердің/өзге жүзу

құралдарының, техниканың, дрондардың, роботтардың, техникалық құралдардың, жабдықтардың ықпалы немесе залалсыздандырылмаған іске асырылмаған осындай ықпал құралдарының қалдықтары.

8. Шартпен мынадай жағдайда тікелей немесе жанама туындаған жауапкершілік сақтандырылмайды:

- 1) соғыс жарияланған-жарияланбағанына қарамастан, кез келген әскери іс-қимылдарда;
- 2) мемлекеттік органдар, әскери қызметшілер, қамтамасыз ету міндеттерін атқарушылар, жалдамалы күштер, бітімгершілер жүзеге асырған кез келген арнайы операцияларда, іс-шараларда, іс-қимылдарда;
- 3) жаппай тәртіпсіздіктерде, революцияларда, қарсылықтарда, толқуларда, оккупацияларда, интервенцияларда, локауттарда, ереуілдерде, митингілерде;
- 4) терроризмге қарсы операцияларда;
- 5) бітімгершілік операцияларда;
- 6) төтенше жағдайда;
- 7) комендантты сағат режимінде;
- 8) соғыс жағдайда;
- 9) қозғалысты шектеу режимдерінде;
- 10) жаппай тонаудың, жол тонаудың, ұрлықтың, бұзақылықтың болуы кезінде.

9. Шарт бойынша мынадай нәтижесінде туындаған зиян немесе жоғалту сақтандыру қорғанысымен жабылмайды:

1) кез келген үкімет немесе оның бұйрығы бойынша (әскери, азаматтық немесе де-факто) немесе қоғамдық немесе жергілікті биліктің бұйрығымен сақтандырылған мүлікті конфискациялау, ұлттандыру, басып алу, ұстап қалу, тұтқындау, жою, иеліктен шығару, реквизициялау;

2) Кез келген өзге шарттарға қарамастан, Шарт бойынша сақтандыру мұндай жабдық, төлем, выплата немесе қызмет және/немесе Сақтанушының кез келген кәсіпкерлік немесе өзге де қызметі кез келген қолданылатын сауда немесе экономикалық санкциялар туралы заңнамалық немесе өзге нормативтік-құқықтық нормаларды бұзу болып табылатын оқиғаларға таратылмайды, ал Сақтандырушы Сақтанушыға немесе өзге тұлғаға ешқандай төлемдер немесе сақтандыру төлемдерін жүзеге асырмайды және ешқандай қызметтер ұсынбайды.

10. Тараптар Сақтанушыға, оның аффилиирленген тұлғаларына, лауазымды тұлғаларына, қызметкерлеріне, бенефициарларына, консультанттарына, өкілдеріне, серіктестеріне, контрагенттеріне қатысты ОФАС, Еуропалық Одақ, Ұлыбритания санкциялары және/немесе Украинаның аумақтық тұтастығын, егемендігі мен тәуелсіздігін бұзатын немесе олардың аясынан туындайтын іс-қимылдарға қатысты шектеулер қолданылған жағдайда Сақтандырушының Шартты Сақтанушыны электрондық пошта немесе шартта көрсетілген мекенжайда пошта арқылы хабарлаудан бастап мерзімінен бұрын бір жақты тәртіппен бұзуға хақылы екендігімен келіседі.

11. Тараптар Ережелердің 10-тармағына сәйкес Шарттың қолданылуы тоқтатылғаннан кейін Сақтандырушы Шарт бойынша төленген агенттік сыйақыны шегеріп, пайдаланылмаған сақтандыру қорғанысы кезеңіне пропорционалды пайдаланылмаған сақтандыру сыйлықақысының бір бөлігін Шарттың қолданылуы тоқтаған күннен бастап 20 жұмыс күні ішінде қайтаратынымен келіседі.

12. Тараптар Сақтанушыға, оның аффилиирленген тұлғаларына, лауазымды тұлғаларына, қызметкерлеріне, бенефициарларына, консультанттарына, өкілдеріне, серіктестеріне, контрагенттеріне қатысты ОФАС, Еуропалық Одақ, Ұлыбритания санкциялары және/немесе Украинаның аумақтық тұтастығын, егемендігі мен тәуелсіздігін бұзатын немесе олардың аясынан туындайтын іс-қимылдарға қатысты шектеулер қолданылған жағдайда Сақтандырушы санкциялар мен шектеулер қолданылғанға дейін болған оқиғаларды қоса алғанда, осы Шарт бойынша сақтандыру төлемін жүзеге асырмайтынымен келіседі.

13. Тараптар Ережелердің 10-тармағына сәйкес Шартты бір жақты бұзу және санкциялар мен шектеулерге байланысты сақтандыру төлемін жүзеге асырмау кезінде Сақтандырушы тұрақсыздық айыбын төлемейтінімен және Сақтанушыға/Сақтандырылған тұлғаға/Пайда алушыға кез келген шығындарды өтемейтінімен келіседі.

20-бап. ДАУЛАР ШЕШУ ТӘРТІБІ

1. Сақтандыру шарты бойынша Сақтандырушы мен Сақтанушы (Пайда алушы) арасында туындайтын даулар тараптармен тікелей келіссөздер жолымен қаралады.

2. Тараптар реттемеген даулар Алматы қаласы соттарының қарауына беріледі, егер Шарт тарапы заңды тұлға болса, дау Алматы қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотымен

қаралады, ал егер Шарт тарапы жеке тұлға болса, дау Алматы қаласының Алмалы аудандық сотымен қаралады.



№1-ҚОСЫМША
құрылыс-монтаж жұмыстарын сақтандыру ережелеріне

Сақтандыру жағдайы нәтижесінде зардап шеккен мүліктің сынықтарынан сақтандыру аумағын тазалауға арналған шығыстарды сақтандыру шарттары.

(Сақтандыру ережелерінің 3-бабының 3-тармағының 1) тармақшасы)

- 1.** Ережелер мен осы ережеге қоса тіркелген осы қосымшаға сәйкес жасалған сақтандыру шарты бойынша Сақтандырушы Сақтанушының сақтандыру жағдайынан кейін сақтандыру аумағын мүлік сынықтарынан тазалауға жұмсаған шығыстарынан туындаған қаржылық шығындарды сақтандырады.
- 2.** Сынықтарды жою шығыстары деп сақтандыру жағдайынан кейін құрылыс алаңын қалпына келтіру жұмыстарын жүргізуге жарамды жай-күйге келтіру үшін жүзеге асырылуы тиіс шығыстар есептеледі.
- 3.** Сынықтар мыналар деп айқындалады:
 - 1) жобаға сәйкес орындалған конструкциялардың зақымдалған бөліктері;
 - 2) зақымдалмаған, бірақ пайдасыз болып қалған, қалпына келтіру жұмыстары басталардың алдын ала бұзылып жойылуы тиіс конструкциялардың бөліктері;
 - 3) жобалық конструкцияның орындалған бөліктерін жабатын, мысалы, лай, тас сынықтары немесе түбіндегі шөгінділер сияқты бөгде субстанциялар, бұл ретте аталған субстанциялардың құрылыс алаңы аумағына жуылып келгені немесе іргелес аумақтардан шайылып кеткені маңызды емес.
- 4.** Осы зиян бойынша Сақтандырушының жауапкершілігінің шекті лимиті сақтандыру шартында ескертіледі, бірақ сақтандыру сомасының 5%-дан аспауы тиіс.
- 5.** Сақтандыру төлемін жүзеге асырудың негізі Сақтанушының сынықтарды жою жұмыстары үшін төлемді растайтын смета және/немесе калькуляцияларды ұсынуы болып табылады.

№2-ҚОСЫМША
құрылыс-монтаж жұмыстарын сақтандыру ережелеріне

Іске қосқаннан кейінгі кепілдік міндеттемелерді сақтандыру шарттары.

(Сақтандыру ережелерінің 3-бабының 3-тармағының 2) тармақшасы)

- 1.** Құрылыс-монтаж жұмыстарын сақтандыру ережелері мен осы қосымша шарттарға сәйкес жасалған сақтандыру шарты бойынша Сақтандырушы белгіленген кепілдік кезеңі ішінде тұрғызылған объектінің үздіксіз жұмысы үшін жауапкершілік жүктелген Сақтанушыға сақтандыру қорғанысын ұсынады.
- 2.** Сақтандыру объектісі – белгіленген кепілдік кезеңі ішінде тұрғызылған объектінің үздіксіз жұмысымен байланысты Сақтанушының мүлдіктік мүдделері.
- 3.** Сақтандыру жағдайы – сақтандыру шартының қолданылу кезеңінде болған сақтандыру объектісінің қирауы немесе зақымдануы:
 - құрылыс-монтаж және/немесе іске қосу-реттеу жұмыстарын жүргізу кезінде жіберілген, бірақ кепілдік пайдалану кезеңінде анықталған кемшіліктер;
 - сақтандыру пайдасына жасалған тұлғаның немесе тұлғалардың кепілдік міндеттемелерін орындау кезінде жіберілген кемшіліктер нәтижесінде болады.

Үшінші тұлғалар алдындағы азаматтық-құқықтық жауапкершілікті сақтандыру шарттары.

(Сақтандыру ережелерінің 3-бабының 3-тармағының 3) тармақшасы)

- 1.** Сақтандыру шарты, шарт зиян келтіруге жауапты Сақтанушы немесе өзге тұлға пайдасына жасалған болса немесе шартта кім пайдасына жасалғаны айтылмаған болса да, зиян келтірілуі мүмкін тұлғалар (Пайда алушылар) пайдасына жасалды деп есептеледі.
- 2.** Сақтандыру шарты жасалды деп есептелетін тұлға Сақтандырушыға тікелей сақтандыру сомасы шегінде зиянды өтеу туралы талап қоюға хақылы.
- 3.** Сақтандыру объектісі – құрылыс-монтаж жұмыстары жүргізілетін елдің ұлттық заңнамасына қайшы келмейтін, Сақтанушының азаматтық заңнамада белгіленген тәртіппен сақтандыру жағдайы нәтижесінде үшінші тұлғаларға келтірілген зиянды өтеу міндетімен байланысты мүліктік мүдделері.
- 4.** Сақтандырушы сақтандыру пайдасына жасалған тұлғаға мынадай шарттарда сақтандыру қорғанысын ұсынады:
 - 1) осы тұлғаның жауапкершілігі ұлттық заңнамамен айқындалса;
 - 2) зиян аталған қызметті жүзеге асырумен (құрылыс-монтаж, іске қосу-реттеу жұмыстарын жүргізу кезінде, кепілдік мерзімі ішінде және т.б.) тікелей байланыста келтірілсе.Бұдан басқа, Сақтандырушы осы ережелерге сәйкес өтелуге жататын сақтандыру оқиғасы нәтижесінде үшінші тұлғаларға келтірілген зиянды өтеу бойынша іс-шығыстарды төлейді.
- 5.** Сақтандыру қорғанысы мүліктік және/немесе дене жарақатының зиянын өтеуге таралады. Бұл ретте мүліктік зиян деп тиесілі мүліктің зақымдалуы немесе жойылуы не өзге мүліктік шығынның келтірілуі түрінде білінген үшінші тұлғаға зиян келтіру, ал дене жарақаты зияны деп өлім немесе денсаулыққа зиян келтіру түсініледі.
- 6.** Сақтандыру қорғанысы Сақтанушының (Сақтандырылған тұлғаның) жұмысшысы еңбек (қызметтік, лауазымдық) міндеттерін атқарған кезде келтірген зиянды өтеуге таралады, егер бұл сақтандыру шартында жеке ескертілсе.
Жұмысшылар деп еңбек шарты (контракт) негізінде жұмыс атқаратын азаматтар, сондай-ақ азаматтық-құқықтық шарт бойынша жұмыс атқаратын азаматтар, егер бұл ретте олар Сақтанушының (Сақтандырылған тұлғаның) тапсырмасы бойынша және оның жұмыстарды қауіпсіз жүргізуін бақылауы астында іс-қимыл жасаса немесе жасауы тиіс болса, танылады.
- 7.** Сақтандыру қорғанысы таратылмайды:
 - қасақана зиян келтірген кез келген тұлғалардың талаптарына немесе талап арыздарына (қасақана зиян келтірумен мүмкін шығынның болуы жеткілікті ықтималдылықпен күтілетін және саналы түрде жол берілетін жасалған іс-қимылдар немесе әрекетсіздік те теңестіріледі);
 - бір сақтандыру шарты бойынша жауапкершілігі сақтандырылған тұлғалардың бір-біріне қойған талаптарына;
 - жабдықты техникалық пайдалану талаптары мен нормаларын сақтамау нәтижесінде келтірілген зиянды өтеу туралы кез келген талаптарға;
 - осы жұмыстарды сақтандыру ережелерінің 3-бабының 2-тармағының 1), 2), 3), 4) тармақшаларында санамаланған объектілерге келтірілген зиянға, олар осы сақтандыру ережелерінің 4-бабының 1-тармағына сәйкес сақтандырылған немесе сақтандырылуы мүмкін болса, сондай-ақ іске қосқаннан кейінгі кепілдік кезеңінде кепілдік сақтандыру объектілері болып табылатын заттардың меншік иесінде немесе иелігінде болатын мүлікке келтірілген зиянға;
 - сақтандыру пайдасына жасалған тұлғаның отбасы мүшелеріне және оның персоналына, сондай-ақ оған сеніп тапсырылған немесе оның пайдалануындағы мүлікке келтірілген зиянға;
 - кез келген көлік құралдарымен келтірілген зиянға, егер олар тек сақтандыру объектісінің орналасқан жеріндегі аумақта пайдалануға арналмаған болса.
- 8.** Сақтандыру жағдайы – сақтандыру шартының қолданылу кезеңінде сақтандыру аумағында болған, Сақтанушының сақтандырылған қызметін жүзеге асырумен тікелей байланысты оқиға нәтижесінде үшінші тұлғалардың оларға келтірілген зиянды өтеу туралы талап беруі.
- 9.** Сақтанушы міндетті:



- 1) Сақтандырушыны барлық ұқсас, жасалған және жасалып жатқан сақтандыру шарттары туралы өзге Сақтандырушылармен хабардар ету;
 - 2) апаттылық тәуекелінің өзгеруіне алып келетін технологияның кез келген өзгерістері туралы Сақтандырушыны хабардар ету;
 - 3) сақтандыру оқиғасы басталған кезде зиян келтірілген тұлғалардың өмірі мен мүлкін зиянды болдырмау немесе азайту және сақтау үшін мүмкін болатын барлық ақылға сыйымды шараларды дереу қолдану;
 - 4) сақтандыру оқиғасының басталғаны анықталған сәттен бастап тәулік ішінде Сақтандырушыны болған жайт туралы хабардар ету;
 - 5) сақтандыру оқиғасының себептерін, барысы мен салдарларын анықтау үшін мүмкін болатын барлық шараларды қолдану;
 - 6) уәкілетті органдар тергеп-тексеру жүргізсе, қылмыстық іс қозғаса, арест салынса, айыппұл туралы қаулы немесе зиянды өтеу туралы қаулы шығарылса – бұл туралы Сақтандырушыны хабардар ету;
 - 7) Сақтандырушыны сақтандыру оқиғасымен байланысты оған қойылатын барлық талаптар туралы дереу хабардар ету;
 - 8) Сақтандырушы сақтандыру оқиғасымен байланысты Сақтандырушының да, Сақтандырылған тұлғаның да мүдделерін қорғау үшін өз адвокатын немесе өзге уәкілетті тұлғаны тағайындауды қажет деп тапса – Сақтандырушы көрсеткен тұлғаларға сенімхат пен өзге қажетті құжаттарды беру;
 - 9) сақтандыру жағдайымен байланысты қойылатын талаптар бойынша өтемді төлемеу, олардың ішінара немесе толық қанағаттандырылуын мойындамау, сондай-ақ Сақтандырушының келісімінсіз мұндай талаптарды реттеу бойынша тікелей немесе жанама міндеттемелерді өзіне алмау;
 - 10) сақтандыру жағдайлары бойынша зиянды өтеу талаптары қойылғанда Сақтандырушыға сот ісінде және сотсыз қорғауда барынша жәрдем көрсету;
 - 11) сақтандыру оқиғасының себептері, барысы мен салдарлары, келтірілген зиянның сипаты мен мөлшері туралы баға беруге мүмкіндік беретін өзіне қолжетімді барлық ақпарат пен құжаттаманы Сақтандырушыға ұсыну;
 - 12) Сақтандырушының келтірілген зиянның мөлшерін белгілеуге қатысуын қамтамасыз ету.
- 10.** Сақтандыру төлемін жүзеге асырудың негізі мынадай құжаттар болып табылады:
- сақтандыру оқиғасының басталғанын растайтын құжаттар;
 - заңды күшіне енген, үшінші тұлғаларға келтірілген зиянды өтеу туралы сот органдарының шешімі, талап арыз құжаттарының көшірмелері.
- 11.** Қажет болған жағдайда Сақтандырушы сақтандыру жағдайымен байланысты мәліметтерді құқық қорғау органдарынан, банктерден, медициналық мекемелерден және сақтандыру жағдайының туындау жағдайлары туралы ақпараты бар өзге кәсіпорындардан, мекемелер мен ұйымдардан сұратуға, сондай-ақ сақтандыру жағдайының себептері мен жағдайларын өздігінен анықтауға хақылы.
- 12.** Сақтандыру төлемінің мөлшері сот органдарының шешімінің нәтижелері бойынша немесе қойылған талаптардың сотсыз өңдеуі мен бағалауы болып табылатын «бітімгершілік келісім» негізінде сақтандыру оқиғасының фактісін, сипатын және себепін, сондай-ақ келтірілген зиянның мөлшерін растайтын қажетті және жеткілікті құжаттар болған кезде айқындалады.
- 13.** Дене жарақаты үшін сақтандыру төлемінің мөлшерін есептеу азаматтық заңнама нормаларына сәйкес жүзеге асырылады және сақтандыру шартымен белгіленген осы тәуекел бойынша жауапкершілік лимиттерінен аса алмайды.
- 14.** Мүліктік зиян үшін сақтандыру төлемінің мөлшері осы тәуекел бойынша жауапкершілік лимиттерін ескере отырып, Сақтандырушы сарапшысының сақтандыру жағдайын тергеп-тексеруі нәтижелері бойынша сақтандыру актісін ресімдей отырып белгіленеді.
- 15.** Мүліктік зиян үшін сақтандыру төлемінің мөлшері үшінші тұлғаларға келтірілген тікелей мүліктік шығынның құнынан аса алмайды.
- 16.** Сақтандыру төлемі сақтандыру шартымен белгіленген сақтандыру сомасы мен жауапкершілік лимиттері шегінде жүзеге асырылады.



Евразия
СТРАХОВАЯ КОМПАНИЯ

ЕРЕЖЕЛЕР
ҚҰРЫЛЫС-МОНТАЖ ЖҰМЫСТАРЫН ЕРІКТІ
САҚТАНДЫРУ (ЖАҢА РЕДАКЦИЯДА ЖАЗЫЛҒАН)

№4-ҚОСЫМША

Құрылыс-монтаж жұмыстарын ерікті сақтандыру қағидаларына
САҚТАНДЫРУ ПОЛИСІ/СТРАХОВОЙ ПОЛИС № ____

| | | |
|----|--|---|
| 1 | Сақтандыру класы / Класс страхования | Мүлкіті залалдан сақтандыру/ Страхование имущества от ущерба Азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру /Гражданско-правовая ответственность перед третьими лицами |
| 2 | Мемлекеттік лицензия / Государственная лицензия | |
| 3 | Сақтандырушы/Страховщик | «Евразия» СК» АҚ, Қазақстан Республикасы, 050004, Алматы қаласы, Желтоқсан көшесі, 59. тел.: (727) 258 43 36; факс: 258 43 38, «Еуразиялық банк» АҚ-ның № 6 филиалындағы, БСН: 950540000024, IBAN: KZ4094806KZT22030005, BIC/SWIFT: EURIKZKA / АО «СК «Евразия», Республика Казахстан, 050004, г. Алматы, ул. Желтоқсан, 59, тел.: (727) 258 43 36, факс: 258 43 38, БИН: 950540000024, IBAN: KZ4094806KZT22030005 в Филиале №6 АО «Евразийский банк» г.Алматы, BIC/SWIFT: EURIKZKA |
| 4 | Сақтанушы / Страхователь (Атауы/ аты-жөні, БСН/ ЖСН, экономика секторының коды (ЭСК), резиденттік белгісі (РБ), Экономикалық қызмет түрі (ЭКТ), мекен-жайы, телефоны) / (Наименование/Ф.И.О., БИН/ ИИН, код сектора экономики (КСЭ), признак резидентства (ПР), вид экономической деятельности (ВЭД), адрес, телефон | |
| 5 | Сақтандырылушы / Застрахованный (Атауы/ аты-жөні, БСН/ ЖСН, экономика секторының коды (ЭСК), резиденттік белгісі (РБ), Экономикалық қызмет түрі (ЭКТ), мекен-жайы, телефоны) / (Наименование, Ф.И.О., БИН/ ИИН, код сектора экономики (КСЭ), признак резидентства (ПР), вид экономической деятельности (ВЭД), адрес, телефон | |
| 6 | Пайда алушы / Выгодоприобретатель (Атауы, аты-жөні, БСН/ ЖСН, экономика секторының коды, резиденттік белгісі, Экономикалық қызмет түрі (ЭКТ), мекен-жайы, телефон) / (Наименование/ Ф.И.О., БИН/ ИИН, код сектора экономики (КСЭ), признак резидентства (ПР), вид экономической деятельности (ВЭД), адрес, телефон | |
| 7 | Сақтандыру объектісінің орналасқан орны / Местонахождения объекта страхования | |
| 8 | Сақтандыру объектісі / Объект страхования | Вид имущества |
| | Мекен-жайы / Адрес нахождения | |
| 9 | Нақты құны / Действительная стоимость | () тенге |
| | Жалпы Сақтандыру сомасы / Общая Страховая сумма | () тенге |
| 10 | Франшиза / Франшиза | |
| 11 | Азаматтық жауапкершілік/ Гражданско-правовая ответственность | Страховая сумма () тенге Страховая премия () тенге |
| | Жалпы Сақтандыру сыйлықақысы / Общая Страховая премия | () тенге |
| 12 | Валюта түрі, сақтандыру сыйлықақысын төлеу тәртібі және мерзімдері: / Вид валюты, порядок и сроки уплаты страховой премии: | |
| 13 | Сақтандыру жағдайлары / Страховые случаи | |
| 14 | Полисін қолданылу мерзімі / Срок действия полиса | с «__» _____ 202__ г. по «__» _____ 202__ г. обе даты включительно |
| 15 | Сақтандыру қорғауының аумағы/ Территория страховой защиты | |
| 16 | Хабарландыру мерзімі/ Сроки уведомления | |
| 17 | Сақтандыру төлемін жүзеге асыру тәртібі және мерзімдері / Порядок и сроки осуществления страховой выплаты | |
| 18 | Ерекше талаптар/ Особые условия | |

Комиссиялық сыйақы/ Комиссионное вознаграждение – *иә/да,нет/жок.*

Сақтандыру ережелерімен таныстым, өзім хабарлаған мәліметтерді шынайылығын растаймын, полисті және сақтандыру ережелерінің көшірмесін алдым./ С правилами страхования ознакомлен, достоверность сообщенных мною сведений подтверждаю, полис и копию правил страхования получил.

Сақтандырушы (немесе оның өкілі)/

Страховщик (или его представитель):

«Евразия» сақтандыру компаниясы» АҚ
АО «Страховая компания «Евразия»

Сақтанушы / Страхователь:

(аты-жөні, қолы / Ф.И.О. подпись)
М.О./М.П.

(аты-жөні, қолы / Ф.И.О. подпись)
М.О./М.П.

Если подписант агент

Агент (ФИО/Наименование)/
Адрес (если агент юридическое лицо)
ИИН/БИН /телефон

Шарт Жасалған күні / Дата заключения: «__» _____ 20__ ж/г.



ТАРАПТАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ ЖӘНЕ МІНДЕТТЕРІ

1. Сақтанушы:

- 1) Сақтандырушыдан қаржылық тұрақтылығы және төлем қабілеттігі туралы ақпарат талап етуге;
- 2) Сақтандырылушылар тізіміне өзгертулер енгізуге;
- 3) осы сақтандыру полисі бойынша Пайда алушы болса, сақтандыру жағдайы басталған кезде сақтандыру ережесінде белгіленген тәртіппен сақтандыру төлемін алуға;
- 4) сақтандыру ережесімен танымал және көшірмесін алуға құқылы.

2. Сақтанушы:

- 1) сақтандыру полисін жасау кезінде Сақтандырушының сақтандыру тәуекелін бағалауы және осы сақтандыру полисін жасау туралы шешім қабылдауы үшін елеуді мәнді өзіне белгілі бүкіл жәйттер туралы Сақтандырушыға хабарлауға;
- 2) осы сақтандыру полисінде белгіленген мөлшерде, тәртіппен және мерзімдерде сақтандыру сыйлықақысын төлеуге;
- 3) Сақтандырылушыларға сақтандыру талаптарын жеткізуге;
- 4) сақтандыру ережесінің талаптарын орындауға (Сақтандырылушылардың сақтандыру ережесін бұзуы, Сақтанушының сақтандыру талаптарын бұзуы деп танылады);
- 5) осы сақтандыру полисін қолдануы кезінде Сақтандырушыға сақтандыру тәуекелінің жағдайы туралы ақпарат беруге;
- 6) сақтандыру жағдайының белгілері бар және/немесе салдары сақтандыру жағдайының туындауына апарып соқтыратын оқиғаның басталғаны туралы сақтандыру ережесінде белгіленген мерзімдерде және тәртіппен Сақтандырушыны хабарландыруға;
- 7) сақтандыру жағдайы шығындарын болдырмау немесе азайту шараларын қолдануға;
- 8) сақтандыру жағдайының себептері, барысы және салдарлары, келтірілген зияның сипаты және мөлшері жайлы бағалауға мүмкіндік беретін өзінде бар бүкіл ақпаратты сақтандыру ережесінде белгіленген тәртіппен Сақтандырушыға беруге;
- 9) Сақтандырушының сұратуы бойынша құжаттарды, сонымен қатар тиісті тексеруді жүргізу үшін қажетті өзге де ақпаратты беруге.

3. Сақтандырушы:

- 1) Сақтанушы берген ақпараттар мен құжаттарды, сондай-ақ Сақтанушының (Сақтандырылушының) осы сақтандыру полисін талаптарын сақтауын тексеруге;
- 2) сақтандыру жағдайының белгілері бар оқиғаның себептерін және жәйттерін өздігінен анықтауға, сонымен бірге қузыретті органдарға сұраныс жіберуге;
- 3) Сақтанушыдан немесе Сақтандырылушыдан сақтандыру жағдайын, оның туындау жағдайларын анықтауға қажет ақпаратты сақтандыру ережесінде белгіленген тәртіппен талап етуге;
- 4) оқиға сақтандыру жағдайы деп танылмаған, Сақтанушы (Сақтандырылушы) осы сақтандыру полисін талаптарын орындамаған жағдайда, бұл туралы Сақтанушының (Сақтандырылушының/Пайда алушының) жазбаша хабарландыра отырып сақтандыру төлемінен бас тартуға;
- 5) кез келген уақытта тәуекелдің туындауына ықпал еткен жағдайлардың бар не жоғын тексеруге және бақылауға.
- 6) Сақтанушыдан тиісті тексеруді жүзеге асыру үшін қажетті құжаттарды және өзге де ақпаратты сұратуға;

4. Сақтандырушы міндетті:

- 1) Сақтанушының сақтандыру ережесімен таныстыруға және көшірмесін беру;
- 2) сақтандыру жағдайы басталған кезде, осы сақтандыру полисінде белгіленген мөлшерде, тәртіппен және мерзімдерде сақтандыру төлемін жасауға;
- 3) Сақтанушының (Сақтандырылушының) сақтандыру жағдайы кезінде шығындарды азайту үшін жұмсаған шығыстарын өтеуге;
- 4) сақтандыру жағдайы туралы хабарламаны тіркеуге;
- 5) сақтандыру құпиясын қамтамасыз етуге міндетті.
- 6) сақтанушы немесе сақтандырылушының сақтандыру төлемін жүзеге асыруға қажетті жетпейтін құжаттар туралы 10 (он) күннің ішінде хабарландыру;
- 7) Мына жағдайларда сақтандыру төлемінен бас тарту:

- Сақтанушының/ сақтандырылушының/ пайда алушының және (немесе) бенефициарлық меншік иесінің Қазақстан Республикасы Қаржы мониторинг агенттігінің ресми сайтында жарияланған терроризм мен экстремизмді қаржыландыруға байланысты, сондай-ақ жанпай қырып-жою қаруын таратуды қаржыландыруға байланысты ұйымдар мен тұлғалардың тізбесінде (бұдан әрі мәтін бойынша-фром тізбесі)болуы;
- Сақтанушы/ сақтандырылушы тиісті тексеру жүргізу үшін құжаттарды, сондай-ақ Сақтандырушының сұрауы бойынша қосымша ақпаратты ұсынбаған;
- ақшамын және (немесе) өзге мүлікпен жасалатын операция АЖ және ТҚ мақсатында жасалады деп пайымдауға негіз болған кезде.

5. Сақтанушы (Сақтандырылушы/Пайда алушы) сақтандыру жағдайы орын алған кезде, демалыс және мейрам күндерін есептегенде 3 (үш) күннен кешіктірмей, дереу Сақтандырушыны немесе оның өкілін сақтандыру жағдайының орын алғаны туралы хабарландыруы және Жазатайым жағдайлардан ерікті сақтандыру ережесінде көрсетілген басқа да әрекеттерді жасауы тиіс.

6. Сақтандыру жағдайының туындауын, сондай-ақ келтірген зиянын Сақтанушы дәлелдейді.

7. Сақтанушы, осы Сақтандыру шартына қол қоя отырып, тәуекелдердің алдын алуда және сақтандыру жағдайының басталуына жол бермеуде сақтандыру мүддесінің бар екендігін растайды.

8. Сақтанушы, Сақтандырылушы, Пайда алушы Сақтандырушының жазбаша келісімінсіз осы Шарт бойынша құқықтар мен міндеттерді үшінші тұлғаларға береділмейді.

9. Сақтанушы Сақтандырылушының(-лардың) осы Шартты жасауға келісімін алғандығын растайды. Сақтанушы Пайда алушыны және (немесе) Сақтандырылушының(ларды) олардың келісімінсіз өзгерте алады.

10. Кез келген негіз бойынша Шарт мерзімінен бұрын тоқтатылған кезде, егер осы Шарт бойынша кез келген мөлшерде сақтандыру төлемі жүзеге асырылған болса-сақтандыру сыйлықақысы және/немесе оның бір бөлігі қайтарылуда жатпайды.

11. Сақтанушы Сақтандырушының факсимильді құралдарды (факсимиліні) және / немесе колтанбаны және/ немесе мөрдің электронды көшірмесін қолдана отырып, осы Шартты жасау мүмкіндігімен келіседі және мұндай Шарт Тараптармен түпнұсқа ретінде танылады.

12. Осы шарттармен реттелмеген барлық өзге мәселелер бойынша Тараптар «Евразия» сақтандыру компаниясы» АҚ құрылыс-монтаж жұмыстарын ерікті сақтандыру қағидаларын басшылыққа алатын болады.

ПРАВА И ОБЯЗАННОСТИ СТОРОН

1. Страхователь вправе:

- 1) требовать от Страховщика информацию о его платежеспособности и финансовой устойчивости;
- 2) вносить изменения в список Застрахованных;
- 3) получить страховую выплату при наступлении страхового случая в порядке, установленном Правилами страхования, если он является Выгодоприобретателем по настоящему страховому Полису;
- 4) ознакомиться и получить копию Правил страхования.

2. Страхователь обязан:

- 1) при заключении страхового Полиса сообщить Страховщику обо всех известных ему обстоятельствах, имеющих существенное значение для оценки страхового риска и принятия Страховщиком решения о заключении настоящего страхового Полиса;
- 2) уплатить страховую премию в размере, порядке и сроки, установленные настоящим страховым Полисом;
- 3) довести до сведения Застрахованных условия страхования;
- 4) выполнять условия Правил страхования (нарушение Правил страхования Застрахованными расценивается как нарушение условий страхования самим Страхователем);
- 5) в период действия настоящего страхового Полиса информировать Страховщика о состоянии страхового риска;
- 6) уведомлять Страховщика о наступлении события, имеющего признаки страхового случая и/или последствием которого может быть наступление страхового случая, в сроки и порядке, установленные Правилами страхования;
- 7) предпринимать меры по предотвращению или уменьшению убытков от страхового случая;
- 8) предоставлять Страховщику всю имеющуюся у него информацию, позволяющую судить о причинах, ходе и последствиях страхового случая, характере и размерах причиненного убытка в порядке установленными Правилами страхования;
- 9) предоставить по запросу страховщика документы, а также дополнительную информацию, необходимую для проведения надлежащей проверки.

3. Страховщик вправе:

- 1) проверять предоставленную Страхователем информацию и документы, а также соблюдение Страхователем (Застрахованным) требований и условий настоящего страхового Полиса;
- 2) самостоятельно выяснять причины и обстоятельства события, имеющего признаки страхового случая, в том числе направлять запросы в компетентные органы;
- 3) требовать от Страхователя или Застрахованного информацию и документы, необходимую для установления факта страхового случая, обстоятельств его возникновения в порядке установленными Правилами страхования;
- 4) отказать в страховой выплате в случае непризнания события страховым случаем, невыполнения Страхователем (Застрахованным) условий настоящего страхового Полиса, письменно уведомив об этом Страхователя (Застрахованного/ Выгодоприобретателя);
- 5) в любое время проинспектировать и проверить наличие обстоятельств, способствующих возникновению риска;
- 6) запрашивать у Страхователя документы и иную информацию, необходимые для осуществления надлежащей проверки.

4. Страховщик обязан:

- 1) ознакомить Страхователя с Правилами страхования и представить их копию;
- 2) при наступлении страхового случая произвести страховую выплату в размере, порядке и сроки, установленные настоящим страховым Полисом;
- 3) возместить Страхователю (Застрахованному) расходы, произведенные им для уменьшения убытков при страховом случае;
- 4) зарегистрировать сообщение о страховом случае;
- 5) обеспечить тайну страхования.
- 6) Страховщик обязан уведомить Страхователя в течение 10 (десяти) рабочих дней с момента представления последнего документа о недостающих документах, необходимых для осуществления страховой выплаты.
- 7) отказать в страховой выплате в случаях:
 - нахождения Страхователя/ Застрахованного/ Выгодоприобретателя и (или) бенефициарного собственника в перечне организаций и лиц, связанных с финансированием терроризма и экстремизма, опубликованного на официальном сайте Агентства Республики Казахстан по финансовому мониторингу, а также связанных с финансированием распространения оружия массового уничтожения (далее по тексту – Перечень ФРОМУ);
 - не предоставления Страхователем/ Застрахованным документов, а также дополнительной информации по запросу Страховщика для проведения надлежащей проверки;
 - когда есть основания полагать, что операция с деньгами и (или) иным имуществом совершается с целью ОД и ФТ.

5. При наступлении страхового случая Страхователь (Застрахованный / Выгодоприобретатель) незамедлительно, но не позднее 3 (Трех) дней, не считая выходных и праздничных дней, уведомить о его наступлении Страховщика или его представителя и совершить иные действия, указанные в Правилах добровольного страхования от несчастных случаев.

6. Доказывание наступления страхового случая, а также причиненных им убытков лежит на Страхователе.

7. Страхователь, подписывая настоящий Договор страхования, подтверждает, что имеет страховой интерес в предотвращении рисков и недопущении наступления страхового случая.

8. Страхователь, Застрахованный, Выгодоприобретатель не могут передавать права и обязанности по данному договору третьим лицам без письменного согласия Страховщика.

9. Страхователь подтверждает, что получил согласие Застрахованного(ых) на заключение данного Договора. Страхователь может менять Выгодоприобретателя и (или) Застрахованного(ых) без их согласия.

10. При досрочном прекращении Договора по любому основанию, если по данному Договору была осуществлена страховая выплата в любом размере – страховая премия и/или ее часть возврату не подлежит.

11. Страхователь соглашается с возможностью заключения настоящего Договора с использованием Страховщиком факсимильных средств (факсимиле) и/или электронного копирования подписи и/или печати и такой Договор признается Сторонами оригиналом.

12. По всем иным вопросам, неурегулированным настоящими Условиями, Стороны будут руководствоваться Правилами добровольного страхования строительно-монтажных работ АО «Страховая компания «Евразия».